

Маңғыстау облысы Ақтау қаласының бас жоспары (негізгі ережелерді қоса алғанда) туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1147 Қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.08.2025 № 609 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 19-бабының 5) тармақшасына сәйкес және Маңғыстау облысы Ақтау қаласының кешенді дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған, Маңғыстау облыстық және Ақтау қалалық мәслихаттары мақұлдаған Маңғыстау облысы Ақтау қаласы бас жоспарының жобасы (негізгі ережелерді қоса алғанда) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.08.2025 № 609 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Ақтау қаласының Бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 10 ақпандағы № 128 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 5 қыркүйектегі
№ 1147 қаулысымен
бекітілген

Маңғыстау облысы Ақтау қаласының бас жоспары (негізгі ережелерді қоса алғанда)

Ескерту. Жоспар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 13.08.2025 № 609 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Маңғыстау облысы Ақтау қаласының бас жоспары (бұдан әрі – Бас жоспар) Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бекітілген бас схемасына сәйкес әзірленетін, перспективада кешенді дамудың, аумақты жоспарлы ұйымдастырудың, қаланың әлеуметтік және инженерлік-көліктік инфрақұрылымы жүйесінің бағыттарын айқындайтын негізгі қала құрылысы құжаты болып табылады.

Бас жоспар Қазақстан Республикасының Жер, Экология кодекстерінің, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңдарының, Қазақстан Республикасының қала құрылысы саласына жататын басқа да заңнамалық актілері мен нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес әзірленді.

Бас жоспарда мынадай жобалық кезеңдер қабылданды:

бастапқы жыл – 2023 жылғы 1 қаңтар;

бірінші кезек – 2028 жыл;

есепті мерзім – 2040 жыл.

2-тарау. Бас жоспардың мақсаты

Белгіленген тәртіппен бекітілген Бас жоспар елді мекеннің шегін, бірінші кезектегі құрылыс объектілерін орналастыру жобаларын, тұрғын және өнеркәсіптік аудандарды жоспарлау жобаларын, құрылыс салу жобаларын, салалық схемалар мен инженерлік қамтамасыз ету жобаларын, кешенді көлік схемасын, көгалдандыруды, қоршаған ортаны қорғау схемасын, аумақты аймақтарға бөлуді және жерді ұтымды пайдалануды әзірлеу үшін база болып табылады.

Бас жоспарда:

1) әлеуметтік, рекреациялық, өндірістік, көліктік және инженерлік инфрақұрылымды және байланыс желілерін орналастыруды қоса алғанда, табиғи-климаттық, қалыптасқан және болжанатын демографиялық және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар ескеріле отырып, елді мекеннің аумағын дамытудың негізгі бағыттары;

2) осы аймақтардың аумақтарын функционалдық аймақтарға бөлу және пайдалануды шектеу;

3) елді мекеннің құрылыс салынған және салынбаған аумақтарының арақатынасы;

4) жерді басымдықпен иеліктен шығару және сатып алу аймақтары, резервтік аумақтар;

5) аумақты табиғи және техногендік құбылыстар мен процестердің қауіпті (зиянды) әсерінен қорғау, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі шаралар;

6) кешенді көлік схемасын, көше-жол желісінің бас схемасын және жол жүрісін ұйымдастырудың кешенді схемасын қамтитын бас жоспардың көліктік бөлімін әзірлеу жөніндегі негізгі бағыттар;

7) су объектілерін ластанудан, қоқыстанудан, сарқылудан қорғау жөніндегі шаралар ;

8) елді мекенді орнықты дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі өзге де шаралар айқындалады.

Осы Бас жоспар Каспий теңізінің акваториясын қамтитын жаңа әкімшілік шекараларды ескере отырып, Ақтау қаласының шегінде 124,5 мың га аумаққа әзірленді. Қарастырылып отырған аумақ қаланың перспективалық аумақтық дамуына сәйкес қабылданды.

Бас жоспарды әзірлеу кезінде құрылыс салудың қазіргі жай-күйін және оны инженерлік-техникалық қамтамасыз етуді талдау негізінде урбанистиканың заманауи жаңа шешімдерін ескере отырып, қала аумағын перспективалық жоспарлы ұйымдастыру, әлеуметтік-экономикалық кешенді қалыптастыру, тұрғын үй құрылысы және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, қоғамдық көлік пен жол инфрақұрылымын дамыту айқындалды.

Бас жоспардың басты мақсаттарының бірі – жайлылығы жоғары сервистік база құрып және жыл бойы қызмет көрсете отырып, қаланы халықаралық маңызы бар туризм және демалыс орталығы ретінде орнықты дамыту.

3-тарау. Жалпы мәліметтер

Ақтау қаласы – Маңғыстау облысының әкімшілік орталығы, облыстың батыс бөлігінде Каспий теңізінің жағасында орналасқан. Қала автомобиль магистральдарының қиылысында орналасқан, теміржол қатынасы, халықаралық әуежайы, халықаралық теңіз порты бар және TRASECA мен Солтүстік (Солтүстік Еуропа) – Оңтүстік (Парсы шығанағы елдері) халықаралық көлік дәліздерінің қиылысында Қазақстан Республикасының халықаралық мультимодальды көлік торабын (хабын) қалыптастыру үшін әлеуеті бар.

Ақтау қаласы халқының жалпы саны 2023 жылдың басында 262,5 мың адамды құрады.

4-тарау. Табиғи-климаттық жағдайлар

Климаты. Қаланың аумағы IV-Г құрылыс-климат кіші ауданына жатады, оған ұзаққа созылатын жаздың ыстық, құрғақ болуы және ауаның салыстырмалы ылғалдылығының жоғары, қысының бірқалыпты суық, атмосфералық жауын-шашынның аз болуы және үнемі жел соғып тұруы тән.

Орташа жылдық ауа температурасы оң және 12,0 °C-ты құрайды. Ең жылы ай – шілдеде орташа айлық ауа температурасы 25,0 °C-ты, ал ең суық ай – қаңтарда минус 1,2 °C-ты құрайды. Ауа температурасының жылдық амплитудасы 26,2 °C-ты құрайды.

Жер бедері. Ақтау қаласы Каспий теңізінің шығыс жағалауында, Оңтүстік Маңғышлақ үстіртінің жағалау маңы бөлігінің шегінде орналасқан.

Қала аумағы геоморфологиялық тұрғыдан теңізге қарай еңістеу келген, аздап ойлы-қырлы жалпақ теңіз жазықтығы болып табылады. Жалпы аумақ солтүстіктен оңтүстікке және шығыстан батысқа қарай еңістейді. Жер бедерінің еңістігі 8 ‰-ден 3

‰-ге дейін өзгереді. Абсолютті биіктіктер теңіз деңгейінен (-) 28-ден 20-ға дейінгі мәндер шегінде ауытқиды.

Қаладан солтүстік-шығысқа қарай 5 км қашықтықта Қошқар Ата табиғи ойпаты орналасқан, оның түбінің абсолюттік белгілері 38,0 м (салыстырмалы белгі), ол өнеркәсіптік қалдықтарды жинауға арналған қалдық қоймасы ретінде пайдаланылады. Қаланың оңтүстік бөлігінде жағалау бойында Қаракөл соры орналасқан, оның ұзындығы 18 км, ені шамамен 2 км.

Гидрография. Қарастырылып отырған аумақта тұрақты жерүсті су ағысы жоқ. Жалғыз жерүсті су айдыны – әлемдегі ең ірі көл болып саналатын Каспий теңізі.

Каспий теңізі деңгейдің циклді өзгеруіне – флуктуацияға бейім болып келеді. Бұл ретте деңгейдің көтерілуі де, төмендеуі де біркелкі емес, секіrmелі түрде болды.

Инженерлік-геологиялық жағдайлар қаланың геологиялық, гидрогеологиялық және геоморфологиялық орналасу ерекшеліктерімен анықталған. Неогендік түзілістер беріктігі әрқилы әктастармен, ұлутасты әктастармен және сазды мергельдермен сипатталады.

Гидрогеологиялық жағдайлар. Каспий маңының аумағын сулы қабаттар қалыптасатын Каспий трансгрессияларының төрттік кезең шөгінділерінің қалың қабаты жауып жатыр. Неоген шөгінділерінде де жерасты сулары кездеседі.

Литологиялық тұрғыдан бойында су бар қабаттар құм, кейде сынған бақалшық араласқан сортаңды құмайт болып келеді.

Жағалау маңы аймағында бірыңғай сулы қабат бар, оның су өткізбейтін қабаты – хвалын кезеңінің сазы.

Жерасты суы жатқан тереңдік заманауи эолды шөгінділерде 0,05-20 м және одан астам ауқымды шектерге дейін ауытқиды.

Жерасты судың минералдануы 7-50 г/л-ден 135-300 г/л дейінгі ауқымды шекте өзгеріп тұрады, тұздану типі бойынша бұл сулар хлорид-натрийлі және сульфат-хлоридті суларға жатады, құрамында сульфаттар мен магний мөлшері жоғары.

5-бөлім. Қаланың стратегиялық дамуының тұжырымдамасы

Стратегияда мақсаттар – қала болашақта қандай болуға тиіс екендігінің, оның бірегейлігі мен тартылымдылығы неде болатындығының аспектілері белгіленген:

1-аспект: Маңғыстау облысының заманауи, көпфункционалды әкімшілік, қаржылық және мәдени орталығы;

2-аспект: облыстың өнеркәсіптік, инновациялық орталығы;

3-аспект: республиканың халықаралық көліктік-логистикалық орталығы;

4-аспект: республиканың туристік-рекреациялық орталығы.

6-тарау. Әлеуметтік-экономикалық даму

1-параграф. Демография

Қала аумағының әкімшілік шекарасы шегінде халық саны бастапқы жылы 262,5 мың адамды құрады.

Қала халқының перспективадағы санының болжамы корреляциялық-регрессиялық талдау, жас бойынша жүріп-тұру әдістері, статистикалық экстраполяция және еңбек балансы негізінде экономикалық-математикалық әдістер пайдаланылып, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының әдістемесі бойынша халықтың табиғи және көші-қон қозғалысында объективті болып жатқан өзгерістерді ескере отырып орындалды.

Халықтың перспективадағы саны еңбекке қабілетті жастағы халықтың қаланың әлеуметтік-экономикалық қызметінің барлық салаларындағы қызметке оңтайлы қосылуын ескере отырып, статистикалық экстраполяция әдісімен айқындалған.

Қала халқының жобалық саны:

1) құрылыстың бірінші кезегі (2028 жыл) – 338,0 мың адамды;

2) есепті мерзім (2040 жыл) – 500,0 мың адамды құрайды.

Халықтың жалпы болжамды өсімі жобалау кезеңдері бойынша:

құрылыстың бірінші кезеңі (6 жыл) – 75,5 мың адамды;

есепті мерзім (12 жыл) – 162,0 мың адамды құрайды.

Еңбекке қабілетті жастағы халық есепті мерзімнің соңына қарай Ақтау қаласы халқының 48,9 %-ын құрайды.

2-параграф. Тұрғын үй-азаматтық құрылыс

Қала құрылысын игеруге арналған қоныстану аумағының ауданы бастапқы жылға 1738,3 га құрайды, 2040 жылға қарай қоныстану аумағының ауданы 3593,7 га дейін ұлғаяды.

Қаланың тұрғын үй қоры бастапқы жылы 7203,2 мың м² құрады, ал қаланың бүкіл тұрғындарының орташа қамтамасыз етілуі бір тұрғынға шаққанда жалпы ауданы 27,4 м².

Бас жоспардың негізгі мақсаттарының бірі тұрудың жайлылығындағы, атап айтқанда, тұрғын үй қорымен қамтамасыз етілу көрсеткіші бойынша теңгерімсіздікті жою болып табылады. Бас жоспарда есепті кезеңге қалада тұрудың жайлылығын қамтамасыз ету үшін бір адамға шаққанда тұрғын үй қорымен қамтамасыз етілу көрсеткіші 32,7 м² деп қабылданды және тұру жайлылығының осындай деңгейіне қол жеткізу үшін тұрғын үй қорын 16372,1 мың м²-ге дейін ұлғайту қажет.

Жобалық кезеңде жаңа тұрғын үй құрылысы көлемінің жалпы ауданы 9168,9 мың м² құрайды, оның ішінде аз қабатты көппәтерлі үйлерде (1-3 қабат) – 2236,8 мың м², орта қабатты көппәтерлі үйлерде – 2101,2 мың м², көп қабатты көппәтерлі үйлерде – 4830,8 мың м².

Ақтау қаласында қаланың қалыптасуы мен дамуы басталған кезеңде 1960-шы жылдары салынған тұрғын үйлер бар. Бас жоспарда мүдделі инвестор табылатын болса, осы құрылысы реновациялау мүмкіндігі көзделеді.

Маңғыстау облысында тозығы жеткен және авариялық тұрғын үй қорын бұзу жөніндегі 2029 жылға дейінгі іс-шараларға сәйкес тозығы жеткен және авариялық күйдегі сүріп тасталатын 111 көппәтерлі тұрғын үй анықталды, олардың меншік иелері кейіннен тұрғын үймен қамтамасыз етіледі.

Ақтау қаласы бойынша тозығы жеткен және авариялық тұрғын үй қорын бұзу жөніндегі іс-шаралар шеңберінде сүріп тасталатын тозығы жеткен және авариялық күйдегі көппәтерлі тұрғын үйлердің тізбесіне мынадай объектілер кірді: 3-ші шағын аудандағы № 33, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 70 көппәтерлі тұрғын үйлер.

Қоғамдық қызмет көрсету саласы.

Бас жоспарда қызмет көрсетудің мемлекеттік емес нысандарын дамытумен ұштастыра отырып, халықты әлеуметтік маңызы бар объектілердің тегін көрсетілетін қызметтерімен қамтамасыз етудің нормативтік көрсеткіштеріне қол жеткізу бағытында әлеуметтік саланы жаңа әлеуметтік-экономикалық және қала құрылысы жағдайларын ескере отырып дамыту көзделеді.

Бас жоспарда есепті мерзімге дейін жалпы білім беретін мекемелердегі орындар санын қазіргі 31204 орынға қатысты 78,0 мың оқушы орнына немесе бастапқы жылдағы 28 мемлекеттік мектепке қатысты жаңа 70 мектепке ұлғайту көзделген.

Мектепке дейінгі мекемелер желісін дамыту үшін есепті мерзімге қарай мектепке дейінгі мекемелердегі орындар санын 31,64 мың орынға ұлғайту қарастырылған, межелеген құрылыстың бәрін мемлекеттік және жеке үлгідегі бөлек тұрған балабақшалар ретінде салу ұсынылады.

Есепті мерзімге жайлы тұруды қамтамасыз ету үшін жалпы қуаты бір ауысымда 5,04 мың адам қабылдайтын амбулаториялық мекемелерді енгізу, сондай-ақ халықтың болжамды санын ескере отырып, төсек-орынның ауруханалық қорын 1600 бірлікке ұлғайту қажет.

Бірінші кезеңде (2028 жыл) мемлекеттік денсаулық сақтау мекемелерінің 3 объектісін салу көзделген, оның ішінде 1 аурухана, 2 амбулаториялық емхана, есепті мерзімге – 8 мемлекеттік денсаулық сақтау объектісі, оның ішінде 2 аурухана, 6 емхана

3-параграф. Экономикалық қызмет

Ақтау қаласының экономикалық қызметі көп қырлы болуымен сипатталады әрі мұнай-газ секторы, теңіз порттары және туризм сияқты түйінді бағыттарға сүйеніп қарқынды дамып келеді.

Мұнай-газ өнеркәсібі. Ақтау Қазақстандағы мұнай өндіру мен мұнай өңдеудің басты орталықтарының бірі болып табылады. Мұнда мұнай мен газ өндірумен және

тасымалдаумен байланысты ірі кәсіпорындар орналасқан. Бұл сала қала мен өңір экономикасының негізі болып табылады.

Көлік және логистика. Теңіз портының арқасында Ақтау Орталық Азияны әлемнің басқа өңірлерімен байланыстырып, жүк тасымалдауда маңызды рөл атқарады. Көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту қаланы дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Туризм. Бірегей табиғи ландшафттар, Каспий теңізінің жағалауы және бай мәдени-тарихи мұра Ақтау қаласын туристер үшін тартымды орын етеді. Туристік инфрақұрылымды дамыту және осы салаға инвестиция тарту – қаланың дамуының басым бағыттарының бірі.

Бұдан бөлек, Ақтауда құрылыс, сауда, IT-сектор және ауыл шаруашылығы сияқты экономиканың басқа салалары да дамуда. Алайда дәл осы мұнай-газ өнеркәсібі, көлік және логистика, сондай-ақ туризм қаланың экономикалық қызметін айқындайтын түйінді бағыттар болып табылады.

4-параграф. Қаланы халықаралық туризм орталығы ретінде дамыту

Ақтау – бірегей географиялық жағдайына, табиғи ресурстарына және дамып келе жатқан инфрақұрылымына байланысты даму әлеуеті зор қала. Қаланың халықаралық туристік ірі орталыққа айналуы үшін бірегей әлеуеті бар. Оның тартымдылығы Каспий теңізінің акваториясы сияқты бірегей табиғи объектілермен, қала маңында бірегей шатқалдардың, ойпаттардың, таулардың, шөлейт аймақтардың, емдік қасиеті бар тұзды көлдердің, көптеген археологиялық ескерткіштердің, соның ішінде ежелгі қоныстардың, қорымдар мен петроглифтердің болуымен негізделген, бұл жерде танымал сопылақ қайраткерлердің есімдерімен байланысты қасиетті орындар болғандықтан, олар мұсылмандардың зиярат ету орны болып табылады.

Ақтауда туризмді дамыту өңірдің экономикалық өсуінің қуатты факторына айналады, қосымша инвестиция тартып, жаңа жұмыс орындарын ашады және халықтың тұрмыс сапасын арттырады.

5-параграф. Қаланың өнеркәсіптік аймақтарын жаңғырту

Экономиканы әртараптандыру және қалада қосымша еңбек ету орындарын құру мақсатында қолданыстағы өнеркәсіптік-индустриялық аймақтар мен "Ақтау теңіз порты" еркін экономикалық аймағы шегінде жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындарды дамыту көзделеді. Қалада іске асырылатын негізгі бағыттар – мұнай мен газды өндіру және қайта өңдеу, тау-кен металлургиясы кешені, машина жасау, химия өнеркәсібі, тұрғын үй, азаматтық және өнеркәсіптік объектілерді салуға арналған құрылыс индустриясы, сондай-ақ тамақ өнімдерін және сусындар өндірумен айналысатын тамақ өнеркәсібі.

7-тарау. Қаланың қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттары

1-параграф. Сәулеттік-жоспарлау аспектілері

Жобаның сәулеттік-жоспарлау шешімі халықтың өмір сүруінің ең жақсы жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған. Жобада қолданыстағы барлық күрделі тұрғын үй қоры, мәдени-тұрмыстық және коммуналдық қызмет көрсету объектілері, жасыл желектер, абаттандырылған көшелер мен инженерлік желілер сақталады. Сабақтастықты сақтау мақсатында қаланың алдыңғы бас жоспарының негізгі сәулеттік-жоспарлау шешімі – көшелер мен жолдардың кестесі және аумақтарды негізгі функционалдық аймақтарға бөлу барынша сақталды.

Ақтау қаласының перспективалы жоспарлау құрылымының негізі Каспий теңізінің көліктік қаңқасы мен жағалау белдеуі болып табылады.

Сәулеттік-жоспарлау және кеңістіктік ортаны қалыптастыруда Каспий теңізі басты тартылыс факторы болып табылады. Жобада қаланың бойлық (меридиандық) және көлденең (ендік) магистральдық көшелері бар тұрақты жоспарлау құрылымы айқындалған. Магистральдық көшелер арасындағы қашықтық 500-900 метр шегінде қабылданды. Жалпы қалалық және аудандық магистральдарды құрайтын жобалық бойлық көшелер қолданыстағы магистральдардың жалғасы болып табылады және теңіздің жағалау белдеуімен қатарласа өтеді.

Қаланың нақты екі бөлікке – қоныстану (солтүстік-батыс) және өнеркәсіптік-өндірістік (Оңтүстік-Шығыс) болып бөлінуі сақталады.

Бас жоспардың сәулеттік-жоспарлау және кеңістіктік шешімінің басымдықты идеясы Каспий теңізінің жағалау белдеуі бойындағы экологиялық жағынан қолайлы аймақта, жағалау бойымен созылып жатқан магистральдық және тұрғын көшелерді, жағалау аймағына және қоғамдық қызмет көрсету орталықтарына апаратын жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын қалыптастыра отырып, қаланы одан әрі дамыту болып табылады.

Орам мен шағын аудан құрылым түзуші элемент болып қала береді.

Негізгі жалпықалалық магистральдық көше әуежайға шығатын меридиандық бағытта өтеді. Бұл магистральда әкімшілік-қоғамдық, сауда, іскерлік, спорттық, мәдени функционалдық мақсаттағы жалпықалалық орталықтар шоғырланған. Оның бүкіл ұзындығында бульвар салу жоспарлануда.

Қаланы аумақтық дамыту солтүстік-батыс бағытта еркін аумақтарда біртіндеп жүзеге асырылатын болады. Бірінші кезекте он төрт жаңа шағын аудан салу және резиденция аумағын игеру көзделеді; есепті мерзімге (2040 ж.) тағы он төрт шағын ауданды игеру жоспарлануда.

Қала аумағын функционалдық-қала құрылысы аймақтарына бөлу Бас жоспарда қаланы дамытудың, қолданыстағы құрылыс салуды сақтаудың, жаңа тұрғын үй құрылысын дамытудың, әкімшілік, қоғамдық-іскерлік және әлеуметтік объектілерді, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілерін орналастырудың, көлік-жаяу

жүргіншілер байланыстарын ұйымдастырудың және толық инженерлік қамтамасыз етудің есептік параметрлеріне сүйене отырып орындалды.

Бас жоспарда аумақты функционалдық аймақтарға бөлу орындалып, мынадай функционалдық аймақтар айқындалды:

тұрғын үй құрылысын салу аймағы (тұрғын үй құрылысын салу аудандары мен орамдары, мектептер және мектепке дейінгі мекемелер);

қоғамдық-іскерлік аймақ (әкімшілік, қоғамдық, іскерлік объектілер);

рекреациялық аймақ (жағажайлар, саябақтар, бульварлар, гүлзарлар);

инженерлік және көліктік инфрақұрылым аймағы;

өндірістік аймақ (өнеркәсіптік, коммуналдық және өндірістік объектілер, индустриялық парктер);

арнайы мақсаттағы аймақтар (әскери және өзге де режимдік аумақтар);

санитариялық-қорғау және су қорғау аймақтары;

резервтік аумақтар (қала құрылысы ресурстары).

Аумақтарды пайдалану жөніндегі әрбір функционалдық аймақтың өзінің нысаналы мақсаты бар және оны осы нысаналы мақсаттың шеңберінде әрі осы функционалдық аймақтың шекараларында ғана пайдалануға болады.

Қаланың тұрғын аумағы жайластырылған үй маңындағы аумақтары және алғашқы қызмет көрсету объектілері бар тұрғын үйлерді салуға арналған және мынадай аймақтарды қамтиды:

меншікжайлы және блоктарға бөлінген тұрғын үйлер;

үш қабатқа дейінгі көппәтерлі тұрғын үйлер;

4-5 қабатты көппәтерлі тұрғын үйлер;

6-12 қабатты көппәтерлі тұрғын үйлер.

Тұрғын аймақтар шағын аудандар мен орамдарды ұйымдастыра отырып, қаланың негізгі магистральдық және тұрғын көшелерімен шектеледі.

Қоғамдық аймақ (қоғамдық-іскерлік, қоғамдық орталық) бір-бірімен біртұтас жүйеге байланысқан әкімшілік және қоғамдық мақсаттағы объектілерден тұратын қаланың маңызды құрылым түзуші элементі болып табылады. Бұл аймақ денсаулық сақтау, мәдениет, сауда, қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету, коммерциялық қызмет объектілерін, сондай-ақ білім беру мекемелерін (кәсіптік орта немесе кәсіптік жоғары білім беру), әкімшілік, ғибадат ғимараттарын, іскерлік, қаржылық және қоғамдық орталықтарды салуға арналған.

Қоғамдық-іскерлік аймақтарда қонақүйлерді, жерасты немесе көп деңгейлі паркингтерді орналастыруға болады. Қоғамдық-іскерлік аймақтың аумағында жоғарыда аталған объектілер жанынан санитариялық және экологиялық қорғау жөніндегі арнайы іс-шараларды талап етпейтін ашық көлік тұрақтары орналастырылады.

Өндірістік аймақтар қаланың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін коммуналдық, өнеркәсіптік және қойма объектілерін орналастыруға арналған. Өндірістік аймаққа объектілердің өздерінің санитариялық-қорғау аймақтарының аумақтары кіреді.

Инженерлік және көліктік инфрақұрылым аймақтары теміржол, автомобиль, теңіз, әуе көлігі құрылысжайлары мен коммуникацияларын, сондай-ақ инженерлік жабдықтарды орналастыруға және олардың жұмыс істеуіне арналған.

Инженерлік және көліктік инфрақұрылым объектілерін орналастыру кезіндегі міндетті шарт – тыныс-тіршілік ету ортасына зиянды әсер етуін болғызбау үшін осындай объектілерден тұрғын үй, қоғамдық-іскерлік және рекреациялық аймақтардың аумақтарына дейінгі қажетті арақашықтықты сақтау.

Санитариялық-қорғау аймағы халықтың тыныс-тіршілігінің экологиялық қолайлы ортасын қалыптастыру жағдайларын қамтамасыз етуге арналған. Санитариялық-қорғау аймағы шегінде аймақтарды белгілеу мақсаттарына сәйкес келмейтін қызмет түрлеріне шектеу қойылады немесе тыйым салынады.

Қалалардағы рекреациялық аймақтар халықтың демалыс орындарын (саябақтар, бақтар, қалалық ормандар, жағажайлар және өзге де объектілер) ұйымдастыруға және қала аумағында қолайлы микроклимат жасауға, халықтың демалыс орындарын, халықтың серуендеуі үшін абаттандырылған орындарды ұйымдастыруға және жайластыруға арналған.

Ақтау қаласының рекреациялық аймақтарына Каспий теңізінің жағалауы, саябақтар мен гүлзарлар, демалыс, бос уақыт өткізу және ойын-сауық, туризм объектілері, қонақүйлер жатады.

Қазіргі кезеңде қалада құнарлы топырақ қабатының болмауына байланысты жалпыға ортақ пайдаланылатын жасыл желектердің тапшылығы бар. Бас жоспарда жаңа гүлзарлар мен бульварларды, қоғамдық ғимараттар жанындағы көгалдандырылған алаңдар мен магистральдық көшелер бойындағы жасыл желектерді ұйымдастыру ұсынылады.

Арнайы мақсаттағы аймақтар зираттарды, тұрмыстық қалдықтарды сақтау полигондарын, мал қорымдарын және басқа аумақтық аймақтарда пайдаланумен сәйкес келмейтін өзге де объектілерді орналастыру үшін бөлінеді.

Мұндай аймақтарды пайдалану арнайы стандарттардың талаптарымен регламенттеледі.

Арнайы мақсаттағы аймақтарға өздеріне қатысты пайдаланудың ерекше режимі белгіленетін объектілерді орналастыруға арналған әскери объектілер және режимдік аумақтардың өзге де аймақтары жатады.

Санитариялық-қорғау аймағы – бұл тіршілік ету ортасы мен адам денсаулығына қолайсыз әсер ету көздері болып табылатын өнеркәсіптік және коммуналдық

объектілердің айналасында орнатылатын, ерекше пайдалану режимі бар арнайы аумақ. Бас жоспарда талдау негізінде санитариялық-қорғау аймақтарының аумақтарын пайдалану, соның ішінде халықты олардан көшіру бойынша регламенттер берілген.

2-параграф. Қаланың аумақтық дамуы

Ақтау қаласының аумақтық дамуы Бас жоспарда айқындалған шекараларда қолданыстағы құрылыс салуға іргелес жатқан жерлерде құрылысты жүзеге асырумен байланысты. Қаланың аумақтық дамуы кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады.

Ең алдымен тұрғын үй, әлеуметтік және қоғамдық қызмет көрсету объектілері, көше-жол желісі мен инженерлік инфрақұрылым салынатын аумақтар негізінен Жер кодексіне және "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес пайдаланылатын жер игерілетін аймақты құрайды.

Стратегиялық маңызды байланыстырушы элементтер болып табылатын магистральдық көшелердің құрылысы, жерді алып қою Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес мемлекет мұқтажы үшін жүзеге асырылады.

Бас жоспарда есепті мерзімге игеру көзделген аумақтар резервтелетін аймақтарға жатады, онда осы аумақтың қала құрылысын игеру басталғанға дейін қандай да бір құрылыс салуға тыйым салынады.

3-параграф. Функционалдық аймақтардың жалпы қала құрылысы регламенттері

Қаланың жайлы, қауіпсіз және эстетикалық жағынан қолайлы кеңістігін, тұрғын үй құрылысын салу, қоғамдық-іскерлік мақсаттағы аймақтарды және индустриялық аймақтарды құру үшін қала құрылысы регламенттерінің жүйесі белгіленген.

Функционалдық аймақтардың негізгі қала құрылысы регламенттері аумақтар мен объектілерді пайдаланудың параметрлері мен шектеулерін белгілейді.

Бас жоспардың жобалық шешімдерін іске асыру кезінде сақталуы қажет құрылыс салудың негізгі регламенттеріне мыналар жатады:

функционалдық мақсаты;

ғимараттардың биіктігі және құрылыс салудың тығыздығы;

көшелер мен жолдардың қызыл сызықтары;

құрылыс салуды реттеу желілері;

су қорғау белдеулері мен аймақтары;

инженерлік желілер мен құрылысжайлардың күзет аймақтарының желілері және т.б

Аумақтарды пайдалану жөніндегі әрбір функционалдық-қала құрылысы аймағының өзінің нысаналы мақсаты бар және перспективада оны осы нысаналы мақсат шеңберінде және осы функционалдық аймақтың шекараларында ғана пайдалануға болады.

Аймақтарда белгілі бір пропорцияда объектілердің негізгі функциясына ілеспе учаскелер көзделуі мүмкін.

8-тарау. Аумақтың кеңістікте ұйымдастырылуы

Қаланың қоныстану аумағын сәулеттік-жоспарлы ұйымдастырудың негізін Бас жоспарда мынадай қағидаттар құрайды:

есепті кезеңнің соңына қарай логикалық композициялық тұрғыдан біртұтастығы әрі жоспарлау құрылымы бірыңғай кешенді қала ортасын құру;

құнды күрделі тұрғын үй қорын, қоғамдық ғимараттарды, мәдени-тұрмыстық мақсаттағы ғимараттарды және жасыл желектерді сақтай отырып, қазіргі қаланың қалыптасқан жоспарлау құрылымын барынша пайдалану және есепке алу;

еңбекшілерді еңбек ету орындарына және қаланың қоғамдық орталықтарына, тұрғын аудандарына, өнеркәсіптік-өндірістік аудандарға жеткізуді қамтамасыз ететін қаланың көліктік желісін одан әрі қалыптастыру және жетілдіру;

қаладағы микроклиматтық жағдайларды жақсартуға ықпал ететін жасыл желектердің санитариялық-қорғау, су қорғау және желден қорғау жолақтарымен бірге жалпыға ортақ пайдаланылатын жасыл желектердің бірыңғай, өзара байланысқан жүйесін ұйымдастыру.

Перспективада қала Каспий теңізінің жағалауы бойымен солтүстік-батыс бағытта дамиды.

Қаланың өнеркәсіптік-өндірістік қоныстану аймақтар функционалдық тұрғыдан дәл ірілендірілген. Осындай аймақтарға бөлу келешекте де сақталады. Қоныстану аймағы солтүстік-батыс бағытта дамиды, өнеркәсіптік-өндірістік аймақ оңтүстік жағында қалады. Шығыс жағынан жаңа жұмыс орындарын ашу үшін Ақтау – Форт-Шевченко автожолының бойында № 9, № 10, № 11 өндірістік-іскерлік аймақтар құрылуда.

Бас жоспар бойынша бүкіл қоныстану аумағы полиорталықты құрылым жасап, үш жоспарлау аймағы түрінде қалыптасады. Қалалық жоспарлаудың жаңа осьтерінің бойындағы аумақтарға негізінен қызмет көрсету объектілері бар көп қабатты тұрғын үйлер салынып, басты магистральдардың бойынан қоғамдық ірі орталықтар құрылады.

Қабат санының әртүрлі болуы құрылыс салудың әралуан түрін қолдану, түстерді, ауқымдылықты, ашық және жабық кеңістіктерді кезектестіру сияқты сәулет әдістері магистраль маңындағы аумақтардың эстетикалық бейнесін жасап, қаладағы құрылыстарды әртараптандыруға тиіс.

Бұрын пайдаланылған резиденцияның аумағы қоғамдық-рекреациялық жоспарлау ауданы ретінде қалыптасады. Осы аумақта тұрғын үй, әкімшілік-іскерлік және рекреациялық құрылыс салу көзделеді. Ауданның орталық бөлігінің осімен аллеялар, субұрқақтар каскады, тамашалау алаңдары бар көгалды ауқымды аймақ жасау

ұсынылады. Заман талабына сай абаттандырылған, ойын алаңдары мен спорт алаңдары көп желілік саябақ теңізге ұласады. Оның периметрінде әкімшілік-іскерлік ғимараттар, қызмет көрсету объектілері, дәмханалар, мейрамханалар мен дүкендер орналасады.

Қаладағы жағалау белдеуі бойындағы аумақтар негізінен құрылыс салу тығыздығы төмен рекреациялық аймақ және көгалды аумақтар желісімен қоғамдық тамақтану және ойын-сауық сипатындағы объектілер ретінде қарастырылады. Жағажайлары бар жағалауды, жаяу жүргіншілер жолдары мен веложолдарды, балалар және спорт объектілерін абаттандыру көзделеді.

1958-1965 жылдар аралығында салынған шағын аудандарды қоспағанда, қызмет көрсету объектілері бар көпқабатты тұрғын үйлер салынған қаланың қазіргі абаттандырылған бөлігіне айтарлықтай реновация жүргізілмейді. Қазіргі шағын аудандарда негізгі жоспарлау тораптарын құрайтын жекелеген тұрғын кешендер мен қоғамдық кешендер ғана тұрғызылады.

3-ші шағын аудандағы 2 – 3 қабатты құрылыстар реконструкцияланады.

Тұрғын үй құрылысын салудың негізі түрі ретінде орташа қабатты үйлер ұсынылады.

9-тарау. Көгалды кеңістіктер жүйесін ұйымдастыру

Көгалды кеңістіктерді ұйымдастырудың ұсынылатын жүйесі күрделі топырақ-қыртыс жағдайларын, жер бедерінің ерекшеліктері мен тұрақты суаруды қамтамасыз ету ескерілген перспективалы сәулет-жоспарлау шешімдеріне негізделген.

Қарастырылып отырған аумақтың көгалды кеңістіктерін ұйымдастырудың негізгі тұжырымдамасы – Каспий теңізінің жағалау белдеуінен түзілетін жасыл қаңқа жасау, ол қала ішіндегі кеңістікпен көлденең және тігінен созылатын бульварлармен, саябақтармен және гүлзарлармен жалғасып, көгалды кеңістіктердің біріңғай жүйесін қалыптастырады.

Жол жүрісі бөлігінің бойында жасыл жолақтар мен өнеркәсіп орындарының айналасынан жасыл аймақтар құрудың ерекше маңызы бар.

10-тарау. Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау

Ақтау қаласының аумағында алаңдарда, көшелердің, бульварлардың түйісуінде, саябақ аймағында орналасқан және өзіндік тақырыптық орындар жасайтын ескерткіштер, обелисктер, декоративті элементтер бар.

Ақтау қаласында жергілікті маңызы бар екі тарихи және мәдени ескерткіш бар, олар :

монументтік өнер құрылысы болып табылатын Тарас Григорьевич Шевченкоға ескерткіш (1982 жылы салынған);

қала құрылысы мен сәулет ескерткіші болып табылатын Ақтау қаласының (1961 жылы салынған) алғашқы қысқы клубының ғимараты.

Сондай-ақ тарихи-археологиялық мақсаттағы жерлер туристер баратын рекреациялық-жасыл аймақтарға айналдырылады.

11-тарау. Қаланың көліктіктік инфрақұрылымы және көше-жол желісі

Ақтау қаласы Шығыс Еуропаны Орталық Азиямен және Солтүстік Еуропаны Парсы шығанағы елдерімен байланыстыратын ТРАСЕКА және "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік дәліздері жүйесіндегі стратегиялық көлік торабы болып табылады. Қаланың көлік-коммуникациялық жүйесінде қазіргі заманғы көлік түрлерінің бәрі бар.

Көлік инфрақұрылымының дамуы халық санының өсуімен, қаланың өнеркәсіптік-өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымының дамуымен де негізделген.

Ақтау қаласының сыртқы көліктік-экономикалық байланысы теңіз, әуе, теміржол және автомобиль көлігімен қамтамасыз етіледі.

Теңіз көлігін "Ақтау теңіз сауда порты" ұлттық компаниясы" АҚ және "Қазақтеңізкөлікфлоты" ҰТКҚК" АҚ ұсынады, олардың негізгі қызметі жалға алынған мұнай құю айлақтары мен жалға алынған танкерлер арқылы мұнайды ауыстырып тиеу болып табылады.

Маңғыстау облысының көлік кешенінің өзегі болып табылатын Ақтау теңіз сауда порты Қазақстанның көлік инфрақұрылымында ерекше орын алады. "Қорғас" шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығын одан әрі дамыту бағдарламасына сәйкес Ақтау теңіз порты Бірыңғай Орта Азия көлік-өнеркәсіп дәлізінің құрылымындағы стратегиялық реттеуші-порт ретінде айқындалған.

Жүктердің, пошта мен жолаушылардың үлкен көлемін тасымалдауды жүзеге асыратын әуе көлігіне "Ақтау халықаралық әуежайы" АҚ авиакәсіпорыны және "Қазақэроавиация" РМК әуе қозғалысын ұйымдастыру ауданы" филиалы қызмет көрсетеді. Қаладан солтүстік-шығысқа қарай 21 км жерде орналасқан Ақтау әуежайы базалық әуежай болып табылады.

1983 жылы пайдалануға берілген Ақтау қаласының халықаралық әуежайы 3-ші сыныпты халықаралық әуежайға кіреді. ҚР ӘПЖН 2.2-тармағына сәйкес Ақтау әуеайлағы "В" санатына жатады. ИКАО халықаралық стандарттары бойынша әуеайлақтың кодтық белгіленуі – "4D". Қызмет көрсететін ұшақтардың типтері – Ан-124 "Руслан", В-767, В-757 және бұлардан сыныптары төмен басқа да ұшақ типтері.

Әуежай аумағында заманауи қонақүй сервистік инфрақұрылымын қалыптастыру, сауда және бизнес-орталықтар салу, туроператорлардың жұмыс істеуіне арналған мамандандырылған орталықтар құру көзделеді. "Ақтау теңіз порты" еркін экономикалық аймағының құрамында көліктік-логистикалық орталық қалыптастыру көзделіп отыр.

Теміржол көлігі

Магистральдық теміржол желісі Ақтау қаласының шығыс жағынан Маңғыстау ауылына өтеді, онда 450 жолаушыға арналған 3-ші санатты жолаушылар вокзалы бар. Маңғыстау ауылы қала орталығынан 15 км қашықтықта орналасқан.

Ұзындығы 18 км болатын "Маңғыстау станциясы – Ақтау теңіз порты" теміржол учаскесі кірмежолдар бойынша жүктер мен жолаушыларды тасымалдауды, осы учаскеде орналасқан вагондарды облыстың өнеркәсіп орындарына беруді және алуды қамтамасыз етеді.

Ақтау теңіз портын одан әрі дамыту "Маңғыстау станциясы – Ақтау теңіз порты" т/ж учаскесінде жүк тасымалдау көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, осыған байланысты "Ақтау теңіз порты" АЭА және өнеркәсіптік аймақтың басқа да объектілері бағытында жаңа теміржол тармақтарын салу көзделеді. Жұмыс істеп тұрған Маңғыстау станциясының ауданында жер аумағының тапшы болуына байланысты Бас жоспарда Баянды ауылы ауданында жаңа теміржол кешенін салу көзделіп отыр.

Автомобиль көлігі. Соңғы жылдары Ақтау қаласының аумағында автомобиль санының айтарлықтай өсуі байқалып отыр, жүк айналымы мен жолаушылар тасымалының көлемі де ұлғайды.

Ақтау қаласынан жолаушылар тасымалы барлық бағыттар бойынша Жаңаөзен, Форт-Шевченко қалаларына, Шетпе ауылына, Бейнеу ауылы мен басқа да елді мекендерге жүзеге асырылады. Жүк тасымалдары негізінен Ақтау қаласы мен Мұнайлы ауданының ішкі нарығына бағдарланған.

Жолаушылар мен жүк тасымалы көлеміндегі негізгі үлесті мамандандырылған көлік ұйымдары мен жеке кәсіпкерлер жүзеге асырады. Қазіргі уақытта Ақтау қаласында коммерциялық тасымалмен айналысатын әртүрлі меншік нысанындағы 32 мамандандырылған көлік кәсіпорны тіркелген.

Қалалық автокөлік жүйесінде жолаушыларды қалада автобустар мен таксилер (жекеменшік иеленушілер) тасиды.

Келешекте негізінен жаңа өндіріс объектілері мен тұрғын үй алаптарының құрылысын жандандыру есебінен жүк легінің ұлғаюы күтілуде.

Бас жоспарда перспективалы құрылыс аудандарын қаланың қазіргі бөлігімен және өнеркәсіптік аймақпен байланыстыратын қалаішілік жолаушылар көлігінің жаңа бағыттары ұсынылады. Жаңа көлік желілері қазіргі желілердің жалғасы болатындай етіп салынған.

Республикалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдары Ақтауды Маңғыстау облысының қалаларымен және кенттерімен, шектес облыстармен және шектес мемлекеттермен байланыстырады.

Көшелер мен жолдар желісі.

Перспективада көше-жол желісін қазіргі желіні және қаланың дамып келе жатқан жоспарлау құрылымын ескере отырып салу көзделген.

Жобада қазіргі көше-жол желісімен өзара байланысқан бойлық және көлденең магистральдық көшелері бар қаланың тұрақты жоспарлау құрылымы айқындалған.

Көше-жол желісінің жіктелуі әзірленген мына жобаларды ескере отырып қабылданды:

сыртқы автомобиль жолдары;

реттелетін қозғалыстың жалпы қалалық маңызы бар магистральдық көшелері;

аудандық маңызы бар магистральдық көшелер;

жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдар (тұрғын үй құрылысы салынатын жердегі көшелер, саябақ жолдары және өнеркәсіптік жолдар).

Сыртқы жолдар.

Қазіргі уақытта Форт-Шевченко қаласы мен солтүстік-батыс бөлігінде әуежайға, солтүстік-шығыс бөлігінде Шетпе ауылына апаратын жол және қаланың оңтүстік-шығыс бөлігінде Жаңаөзен қаласы мен Құрық ауылы бағытындағы автожолдар сыртқы жолдар болып табылады.

Келешекте жобада қаланың шығыс бөлігінде жүрдек қозғалыстың айналма автожолы көзделіп отыр, ол қоныстану аумағы арқылы көлік қозғалысын қоспағанда, теңіз портынан теміржол станциясына және әуежайға дейін транзиттік жүк легінің өтуін қамтамасыз ете отырып, қазіргі "Ақтау-Форт-Шевченко" трассасына шығады.

Қаланың перспективалы көше-жол желісі

Қаланың көше-жол желісі көшелер мен жолдардың функционалдық мақсатын, көлік, жаяу жүргіншілер қозғалысының қарқындылығын, аумақтың сәулеттік-жоспарлы ұйымдастырылуын және құрылыс салу сипатын ескеретін үздіксіз жүйе түрінде жобаланған. Көше-жол желісі құрамында магистральдық және жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдар, сондай-ақ басты көше бөлінген.

Қаланың ескі бөлігіндегі басты көше – Назарбаев даңғылы. Назарбаев даңғылының жалғасы болып табылатын жалпықалалық маңызы бар басты магистральдық жаңа көше жағалау сызығына қатарлас, жалпықалалық жаңа орталық арқылы 40 және 41-шағын аудандар арасынан өтеді және әуежайға апаратын автожол мен "Ақтау-Форт-Шевченко" автомагистралінің қиылысына шығады. Бұл магистраль "бас" көшеге айналады және әуежай жағынан қалаға "кіретін қақпа" болады. Оның бойынан көшеде биік тұрғын үй кешендерін, қонақүйлер мен іскерлік үйлер, сауда және қоғамдық-мәдени ғимараттар, сондай-ақ бульвар салу көзделіп отыр.

"Меридиандық" оське қатарлас солтүстік-батыс бағытта бірқатар жаңа көше салу қарастырылған. Ең алдымен, бұл – реттелетін қозғалыстың жалпықалалық маңызы бар екі магистралі. Олардың бірі жағалау бойымен өтіп, қаланы теңіз жағынан жиектейді. Екіншісі – шығыс магистральдық көше, өнеркәсіптік аймақтан қоныстану аумағына өтіп, қызмет көрсету орталықтарын байланыстырады. Өнеркәсіптік аймақ арқылы өтетін бұл магистральдық көше айналма автожолға шығады. Бұл магистральдар өзіндік ішкі көлік сақинасын құрайды.

Көлденең көшелер "Ақтау – Форт-Шевченко" магистраліне қарай бағытта жағалау маңындағы рекреациялық аймақты байланыстырады және тұрғын аудандарды № 8, № 9, № 10 жаңа өндірістік-өнеркәсіптік аймақтармен байланыстырады.

Жалпықалалық маңызы бар магистральдық көшелердің анағұрлым күрделенген теміржолдармен және жобаланатын айналып өтетін магистральмен қиылыстары әртүрлі деңгейлерде шешілді, ол үшін көлік айрықтарын салу ұсынылады. Қалған магистральдық көшелердің бір-бірімен қиылысуы олардың айтарлықтай жүктелмеуіне байланысты реттелетін қиылыстардың типі бойынша бір деңгейде шешілді.

12-тарау. Инженерлік инфрақұрылым

1-параграф. Сумен жабдықтау

Қазіргі жай-күйі

Ақтау қаласының аумағында тұщы су көздері жоқ. Ақтау қаласы үшін ең жақын жерасты су көзі – әлсіз минералданған Құйылыс-Меловое жерасты су көзі.

Сумен жабдықтау көздері:

тұщыландырылған теңіз суы (52,4 %) – "Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" ЖШС (бұдан әрі – "МАЭК" ЖШС) және Каспий теңізінен теңіз суын тұщыландыру арқылы ауыз су шығаратын "Каспий" тұщыландыру зауыты" ЖШС қондырғылары;

Маңғыстау аймағына "Астрахань-Маңғышлақ" су құбырымен жеткізілетін Еділ суы (12, 5%);

жерасты сулары (35,1 %) – жерасты суларын пайдалану есебінен алынады.

Ақтау қаласында сумен жабдықтайтын үш бөлек жүйе жұмыс істейді: ауыз сумен, біріккен техникалық және өртке қарсы, ыстық сумен жабдықтау. "Каспий жылы су арнасы" МКК деректері бойынша 2023 жылға арналған су тұтыну және су бұру көлемі мынаны құрады:

Өнім түрі	Ақтау қаласы, м3	Жылы жағажай, м3
Ауызсу	11 013 884	294 618
Техникалық су	1 510 062	-
Ыстық су	1 411 665	-

Су құбыры желілерінің ұзындығы – 318.3 км.

Жобалық ұсыныстар

Ақтау қаласында сумен жабдықтайтын үш бөлек жүйесі бар орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі перспективаға қабылданды: ауызсумен, біріккен техникалық және өртке қарсы, ыстық сумен жабдықтау.

Бас жоспарда есепті мерзімге Ақтау қаласындағы сумен жабдықтаудың қалыптасқан негізгі схемасы сақталады.

Ақтау қаласы мен іргелес елді мекендерді ауызсумен іркіліссіз қамтамасыз ету үшін мынадай жобаларды іске асыру жоспарлануда:

"МАЭК" ЖШС аумағында өнімділігі тәулігіне 24000 м3 болатын суды кері осмос әдісімен тұщыландыру қондырғыларын салу;

"МАЭК" ЖШС ОСЖТ-2 аумағында өнімділігі тәулігіне 6000 м3 болатын суды тұщыландыру қондырғыларын салу;

"МАЭК" ЖШС аумағында өнімділігі тәулігіне 4000 м3 болатын дистилляциялық тұщыландыру қондырғысын ауыстыру;

Ақтау қаласында өнімділігі тәулігіне 8000 м3-ге дейін тұщыландыру зауытын салу;

Ақтау қаласында өнімділігі тәулігіне 4000 м3 болатын суды тұщыландыру зауытын салу жоспарлануда;

Ақтау қаласында қуаты тәулігіне 20 мың м3 болатын жаңа екінші тұщыландыру зауытын қаладан солтүстік-батыс бағытта салу;

Мұнайлы ауданы, "Жылы жағажай" курорттық аймағы, Ақтау қаласының өнеркәсіп орындары мен жаңа шағын аудандары үшін қуаты тәулігіне 60 мың м3 болатын "Каспий" тұщыландыру зауытын ұлғайтып, жалпы өнімділігін тәулігіне 100 мың м3-ге дейін жеткізу (3-кезек).

2-параграф. Су бұру

Қазіргі жай-күйі

Ақтау қаласында толықтай орталықтандырылған бөлек су бұру жүйесі жұмыс істейді.

Кәріз схемасы аралас – өздігінен ағып жатқан және тегеурінді. Жер бедерінің жағдайларына байланысты Ақтау қаласының аумағында екі бөлек су бұру жүйесі жұмыс істейді: оңтүстік-орталық және солтүстік бөліктер. Қаланың оңтүстік және орталық бөлігінен сарқынды су өздігінен ағатын құбырлар арқылы КТҚ-1 аумағында орналасқан кәріз сорғы станцияларына жіберіледі, ал сол жерден қысымды құбырлар арқылы КТҚ-2 кәріз тазарту құрылысжайларына айдалады:

Қаланың солтүстік бөлігінен сарқынды су өздігінен ағатын құбырлар арқылы КСС-10, 18, 16-ға түседі, одан КТҚ-2-ге (тәулігіне 30 мың м3) айдалады, тазартылғаннан кейін сарқынды су Қошқар Ата қалдық қоймасына түседі.

Қазіргі уақытта Ақтау қаласында жұмыс істеп тұрған 46 (қырық алты) КСС бар.

"КЖСА" МКК балансында 175,7 км кәріз желілері бар. 2023 жылға арналған су бұру көлемі 14189797,57 м3 құрады.

Жобалық ұсыныстар

Кәріз жүйелері тұрғын үйлерге, әкімшілік ғимараттарға, әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық және өнеркәсіптік саладағы нысандарға қызмет көрсетеді.

Атауы	Бірінші кезек, тәул./м3	Есепті мерзім, тәул./м3
Халықтың және КТҚК объектілерінің сарқынды сулары	108547,0	161672,0

Өнеркәсіп орындарының сарқынды сулары	8298,0	8298,0
Барлығы: тәуліктік есептеуде	116845,0	169970,0
жылдық есептеуде	жылына 42648,4 мың м3	жылына 62039,1 мың м3

Жобада өңделген сарқынды суларды жинақтауға және кейіннен жасыл желектерді суару мен Қошқар Ата қалдық қоймасының сұйық фазасын ұстап тұруға пайдалануға арналған резервуарлар жасауды қоса алғанда, жұмыс істеп тұрған КТҚ-2 тазарту құрылысжайларын, есепті мерзімге жалпы жобалық өнімділігі тәулігіне 100 мың м3-ге дейінгі КТҚ-3 құрылысын қамтитын сарқынды суларды тазартудың толық кешенін салу ұсынылады.

3-параграф. Санитариялық тазалау

Қазіргі жай-күйі

Ақтау қаласында жоспарлы-тұрақты тазалаумен қала аумағындағы халықтың 90 %-ға жуығы қамтылған. Меншікжайлы құрылыс салу аудандарында аумақты тазарту өтінімдік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

2016 жылғы қаңтардан бастап Мұнайлы ауданы Баянды ауылынан бес километр жерде қатты тұрмыстық қалдықтарға (КТҚ) арналған жаңа полигон жұмыс істей бастады.

Жобалық ұсыныстар

Жобада қала аумағын жоспарлы-тұрақты тазарту жүйесін сақтау көзделіп отыр. Бұл жүйе бойынша барлық іс-шараларды коммуналдық қызмет жүргізуге тиіс.

Аумақты жоспарлы-тұрақты тазалау кешеніне мынадай іс-шаралар кіреді: қала аумағынан түсетін сұйық және қатты қалдықтарды жинау және дұрыс сақтау, қоқыстарды залалсыздандыру, көшелерді сыпыру, жуу мен суару, қар тазалау және көктайғаққа қарсы күрес.

КТҚ полигонына үй қоқыстары, мекемелердің қоқыстары және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының қатты қалдықтары шығарылады.

Жобада тұрмыстық қалдықтарды жинаудың контейнерлік тәсілі көзделеді. Ол үшін қоқыс жинайтын қосымша контейнерлердің саны қажет, оларды арнайы алаңдарда орналастыру керек. Сондай-ақ қоғамдық пайдалану орындарында қоқыс жәшіктерін орнату көзделеді. Қоқыс жәшіктері арасындағы қашықтық адам көп жиналатын көшелерде 40 метрден және адам аз жиналатын көшелерде 100 метрден аспайды деп қабылданады.

Қатты тұрмыстық қалдықтардың жылдық мөлшері

Кезеңдер	КТҚ жалпы саны	КТҚ-ның көлемдік мәндегі жалпы саны	
	Жылына тонна	Тұрмыстық, жылына/м3	Сұйық, жылына /м3
Бастапқы жыл	78 760	393 780	
Бірінші кезек	138 900	694 700	1 014 200

Есепті мерзім	205 600	1 028 000	1 500 700
---------------	---------	-----------	-----------

Жобада шанағының сыйымдылығы 10-24 м³ болатын, тұрмыстық қалдықтарды механикалық тәсілмен тиеуге, тығыздауға, тасымалдауға және түсіруге арналған заманауи қоқыстасығыштарды пайдалану ұсынылады.

Жобада қатты тұрмыстық қалдықтарды одан кейін Баянды ауылынан бес километр жерде орналасқан, жұмыс істеп тұрған ҚТҚ полигонына шығару көзделеді. Келешекте жаңа технологияларды қолдануды ескере отырып, тұрмыстық қалдықтарды кәдеге жарату бойынша қоқыс өңдеу зауытын салу көзделген. Бұл ретте тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеудің барлық өнімдерін кәдеге жаратуға болады: 40 %-дан астамы – арзан отын ретінде, 5 %-ы – қайталама қара металдағы металл түрінде, 20 %-ы – жол құрылысындағы инертті масса түрінде.

4-параграф. Электрмен жабдықтау

Қазіргі жай-күйі

Қазіргі уақытта Маңғышлақ атом энергиясы комбинатының ("МАЭК" ЖШС) жиынтық белгіленген қуаты 1342 МВт (көзделген қуаты 906,8 МВт, жұмыс қуаты 747,2 МВт) болатын ЖЭО-1, 2 және ЖЭС электр станциялары Ақтау қаласын, іргелес жатқан елді мекендерді және өнеркәсіптік аймақты орталықтандырылған электрмен жабдықтаудың негізгі көздері болып табылады.

Ақтау қаласының қоныстану аймағында 110/6 кВ БТҚС-1Г, 110/10 кВ БТҚС-2Г және 110/10 кВ БТҚС-3Г, 110/35/6 кВ БТҚС-4Г, 110/10 кВ Жағалау маңы, 110/10 кВ Приозерная, 110/10 кВ Ботаникалық бақ ҚС орналасқан.

Жабық үлгідегі Хаб-1 және Хаб-2 110/10 кВ БТҚС-1 "Каспий энергетикалық хабының сыртқы инфрақұрылымын салу" шеңберінде 110 кВ ЭБЖ және 110/10 кВ екі қосалқы станция салу көзделген.

Қала аумағын электрмен жабдықтаудың перспективалы схемасын әзірлеген кезде электр жүктемелерін есептеу электр энергиясын коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждық үшін тұтыну, сыртқы жарықтандыру және мәдени-тұрмыстық мекемелер мен өнеркәсіп орындарының электр энергиясын тұтынуы ескеріліп жүргізілді.

"АЭЖБ" МКК деректеріне сәйкес Ақтау қаласының 2023 жылғы 1 қаңтардағы ең жоғары жүктемесі 157 МВт (жазғы кезең) құрады.

Электр желілерін дамыту.

Электрмен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы 9637,76 км құрайды, оның ішінде коммуналдық меншікте – 4005,63 км, жеке меншікте – 5632,13 км.

Есепті кезеңге арналған электрмен жабдықтау схемасы жаңа жабдықтардың қолданылуы ескеріле отырып әзірленді.

Жаңадан жобаланатын 10 кВ желілердің барлығын жерге, траншеяларға төсеу арқылы кәбіл түрінде орындау ұсынылады.

Тұрғын аймақ үшін қолданыстағы үлгілік жобалар бойынша екі трансформаторы бар жеке тұрған жабық үлгідегі ҚС көзделеді. Әкімшілік және қоғамдық құрылыс салу үшін жеке тұрған немесе ғимараттарға кіріктірілген екі трансформаторлы ҚС ұсынылады. ҚС орналасатын жері жүктемелердің орталығында энергияны неғұрлым көп қажет ететін тұтынушыларға жақын болуын ескере отырып көзделеді.

Электрмен жабдықтау жүйесін дамыту.

Ақтау қаласының жиынтық электр жүктемесі есепті мерзімге 523 МВт болады деп бағаланады:

1) құрылыстың бірінші кезегі – 329 МВт;

2) есепті мерзім – 523 МВт;

Болжанатын жүктемелерді қамтамасыз ету үшін мыналар көзделеді:

110 кВ ӘЖ бар "Хаб-1, 2" (2х63 МВА) 110/10 кВ ҚС салу;

жабдықтарды жаңғырту және қолданыстағы қосалқы станцияларды реконструкциялау.

Жаңа аудандар мен тұтынушыларды 110/10 кВ "Хаб-1", "Хаб-2" және "Орталық" БТҚС-дан электрмен жабдықтау көзделген.

Ақтау қаласының жалпы жиынтық электр жүктемесі

Атауы	Көрсеткіштер, МВт	
	Бірінші кезек	Есепті мерзім
Тұрғын үй қоры	177	271
Қоғамдық қор	117	189
Басқалары	15	23
Өнеркәсіп	20	40
БАРЛЫҒЫ	329	523

5-параграф. Жылумен жабдықтау

Қазіргі жай-күйі

Ақтау қаласының қазіргі жылумен жабдықтау жүйесі негізгі екі бағытты қамтиды:

"МАЭК" ЖШС жылу электр станцияларынан жылу беру базасында орталықтандырылған жылумен жабдықтау (электр және жылу энергиясын аралас өндіру);

жеке жылумен жабдықтау көздерінен орталықтандырылмаған жылумен жабдықтау.

"МАЭК" ЖШС құрамына екі жылу электр орталығы (ЖЭО-1 және ЖЭО-2), бір конденсациялық жылу электр станциясы (ЖЭС), дистиллят және өнеркәсіптік жылумен-сумен жабдықтау зауыты (ДӨ және ӨЖСЗ), өндірістік учаскелер және шығару сатысында тұрған кәсіпорынның негізгі технологиялық өндірістерін қамтамасыз етуге арналған қосалқы цехтар кіреді.

"МАЭК" ЖШС белгіленген жылу қуаты – 1753,2 Гкал, қазіргі жылу қуаты – 1198, 1 Гкал.

Жобалық ұсыныстар

Ақтау қаласының тұрғын үй секторы мен қоғамдық қорының жылу жүктемелері:

бірінші кезекте 1048 Гкал/сағ.;

есепті мерзімге 1680 Гкал/сағ. құрайды

Жаңадан салынып жатқан объектілердің жылу жүктемелерін жабу үшін жобада әрқайсысының жылу қуаты 300 Гкал болатын аудандық үш қазандықты жобалау және салу ұсынылады. Қазандықтарды жобалаумен қатар магистральдық жылу желілерін (әзірленіп жатқан ТЭН-ге сәйкес), жылу пункттерін және тарату жылу желілерін жобалау жүргізілетін болады.

Ақтау қаласының солтүстік-батыс бағытта дамуына және жылу жүктемелерінің ұлғаюына байланысты жобада аудандық қазандықтардан магистральдық және тарату жылу желілерін кезең-кезеңімен салу және төсеу көзделеді.

Ақтау қаласының жылу жүктемесі

Көрсеткіштер	Жылу жүктемелері, Гкал/сағ		
	Қазіргі жағдай	Бірінші кезек	Есепті мерзім
I. Жылу жүктемелері – барлығы,	765,5	1048	1680
оның ішінде:			
Тұрғын үй және қоғамдық құрылыс салу		948	1580
Жаңа өнеркәсіп		100	100
II. Жылу жүктемелерін жабу			
"МАЭК" ЖШС	495,5	495,5	495,5
Жаңа аудандық қазандықтар	-	408	708
Автономды жылыту жүйелері (АЖЖ), БМҚ, орамдық қазандықтар	270	50	380
Өнеркәсіптік қазандықтар		100	100
БАРЛЫҒЫ	765,5	1053,5	1683,5

6-параграф. Газбен жабдықтау

Қазіргі жай-күйі

Ақтау қаласын газбен жабдықтау біріктірілген екі газ тарату станциялары (ГРС-1 және ГРС-2) арқылы жоғары қысымды газ құбырларының үш тізбегі бойынша "Жаңаөзен – Ақтау" магистральдық газ құбырынан қоректенетін газ тарату жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Табиғи газдың негізгі тұтынушысы "МАЭК" ЖШС (92-95 %-ға дейін) болып табылады, ол облыстың барлық өнеркәсіп орындарын, халықты электр энергиясымен, сондай-ақ Ақтау қаласы мен өңірдің басқа да елді мекендерін жылумен және ауызсумен қамтамасыз етеді.

Ақтау қаласының тұрғындары газды негізінен тамақ дайындау үшін пайдаланады.

2023 жылы Ақтау қаласы бойынша тауарлық газды тұтыну мөлшері мынаны құрайды:

Тұтынушылар санаты	Тұтыну, м3	Орташа сағаттық шығыс, м3/сағ
Халық	45 933 171	5 243,5
Коммуналдық-тұрмыстық сектор, бюджеттік ұйымдар	44 420 193	5 070,8
Өнеркәсіп орындары	32 515 717	3 711,8
"МАЭК" ЖШС	1 984 629 000	216 281,8
Жиыны	2 017 498 081	230 308,0

Жобалық ұсыныстар

Осы жобада көзделіп отырған тұрғын үй-азаматтық және коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілердің құрылысына, халық санының ұлғаюына байланысты жобада Ақтау қаласын газдандыру жүйесін одан әрі кеңейту көзделеді.

Тұрғын үйлерде бір адамға шаққанда табиғи газды тұтынудың ірілендірілген нормалары мынадай мөлшерде қабылданды:

орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау болған жағдайда – 120 м3;

ыстық сумен жабдықтаудың қандай да бір түрі болмаған жағдайда – 180 м3.

Коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарға арналған газдың жылдық шығысы тұрғын үйлердің жалпы газ тұтынуының 5 %-ынан аспайды.

Өнеркәсіп мұқтажына табиғи газдың жылдық шығыны (ЖЭО, коммуналдық және өнеркәсіптік қазандықтар үшін отынның негізгі түрі) отын пайдаланылатын қондырғылардың ПЭК ескеріліп, жылу энергиясының жылдық өндірілуі бойынша қабылданды.

Ақтау қаласының дамуын және жүктемелердің ұлғаюын ескере отырып, жобада есепті мерзімге "Жаңаөзен – Жетібай – Ақтау" магистральдық газ құбырынан қосылатын нүктесімен АГТС-4 салу ұсынылады. Перспективада тұтынылатын газ шығысы 300 мың м3/сағ болады деп жоспарлануда. Бұл шешім газдың іркіліксіз берілуін қамтамасыз ету мақсатында қаланы газбен жабдықтау жүйесін резервтеу (сақиналау) міндетін қосымша шешуге мүмкіндік береді.

Ақтау қаласы табиғи газының жалпы жиынтық шығыны

Тұтынушылар	Бірінші кезек		Есепті мерзім	
	мың м3/жыл	м3/ сағ	мың м3/жыл	м3/ сағ

Тұрғын үй құрылысын салу	46576	5316,89	68785	7852,17
Коммуналдық-тұрмыстық	2329	265,87	3441	392,81
Өнеркәсіп	2055000	234589,04	2055000	234589,04
ЖТҚ жылыту	79934	9124,89	79934	9124,89
БАРЛЫҒЫ	2183839	249296,69	2207160	251958,90

7-параграф. Телефондандыру

Халық санының өсуі күтіліп отырғандықтан, Бас жоспарда бүкіл аумақта станциялық және желілік құрылысжайлар салу көзделген.

Байланыс сапасына қатысты мәселелерді шешу үшін жобада мыналар ұсынылады: телекоммуникация жүйесін реконструкциялау: ескірген желілер мен жабдықтарды жаңғырту және ауыстыру;

қазіргі әуе байланыс желілерін телефондық кәбілдік кәрізге кезең-кезеңімен ауыстырып салу, сондай-ақ мыс тарамдары бар магистральдық желі кәбілін оптикалық-талшықты тарамдарға ауыстыру;

Жаңадан игеріліп жатқан және реконструкцияланатын аумақтарда халықты сапасы мен жылдамдығы жоғары Интернетпен, цифрлық телевизиямен және IP-телефониямен қамтамасыз ету үшін заманауи технологиялар бойынша оптикалық тарату шкафтары (ОТШ) мен оптикалық тарату қораптарын орнатып, талшықты-оптикалық желілік сервис арқылы заманауи телекоммуникациялық желі салу ұсынылады.

Жобаланатын абоненттер саны:

бірінші кезекке – 84517 нөмір;

есепті мерзімге – 125059 нөмір.

13-тарау. Аумақты инженерлік дайындау

Ақтау қаласының бас жоспарында аумақты қауіпті физикалық-геологиялық процестер мен құбылыстардан қорғау, сондай-ақ халықтың санитариялық-гигиеналық және экологиялық тұрмыс жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шаралар кешенін шешу көзделеді.

Табиғи жағдайларды зерделеу және аумақты қауіпті физикалық-геологиялық процестерден қорғау жөніндегі инженерлік желілер мен жүйелердің қазіргі жай-күйін талдау нәтижесінде Бас жоспар жобасында әзірленген аумақты инженерлік даярлау мынадай іс-шараларды қамтиды:

аумақтың тігінен жоспарлануы;

жерүсті су ағысын ұйымдастыру;

жағалау маңы аймағын Каспий теңізінің желбөгет толқындарымен шайылуынан қорғау;

жасыл желектерді суаруды ұйымдастыру.

14-тарау. Қоршаған ортаны қорғау

Ақтау қаласының әуе бассейнінің санитариялық-гигиеналық жағдайын жақсарту мақсатында инженерлік-техникалық және технологиялық, жоспарлау мен ұйымдастыру іс-шараларын қамтитын іс-шаралар кешені көзделеді.

Жобада мынадай жоспарлау шешімдері қабылданады:

қаланың екі бөлікке бөлінуін сақтау – қоныстану (солтүстік-батыс) және өнеркәсіптік-өндірістік (оңтүстік-шығыс);

жаяу жүргіншілер көшелері мен бульварларды ұйымдастыра отырып, қаланың бойлық және көлденең магистральдық көшелері бар тұрақты жоспарлау құрылымы;

қазіргі өнеркәсіптік аумақтарды ретке келтіру және нығыздау, осы жерде жаңа кәсіпорындарды орналастыру; "Ақтау теңіз порты" АЭА-ны кеңейту есебінен өнеркәсіптік аумақтарды тиімді пайдалану;

теңіз портынан Өмірзақ кентінің солтүстігіне қарай Қаракөл көлінің бойымен, Қызыл төбе кентінің және Маңғыстау кентінің шығысына қарай, әуежайдың солтүстігіне қарай "Ақтау – Форт-Шевченко" тасжолына шығатын айналма транзиттік магистраль салу;

санитариялық нормалар мен ережелерге сәйкес өнеркәсіптік және қоныстану аумақтары арасында санитарлық-қорғау аймақтарын ұйымдастыру;

қоғамдық қызмет көрсету полиорталықтарының жүйесін құру, жаяу жүргіншілер көшелерін қалыптастыру есебінен қала орталығының жүктемесін азайту;

қала аумағын, санитариялық-қорғау аймақтарын көгалдандыру;

өнеркәсіп орындарының санитариялық-қорғау аймақтарын ұйымдастыру;

көгалдандырудың үздіксіз жүйесін құру (саябақтар, гүлзарлар, бульварлар, аллеялар, жол бойындағы орман белдеулері, санитариялық-қорғау және жағалау маңы аумақтарын көгалдандыру);

қоныстану бөлігінде жүк көлігінің қозғалысын шектеу;

транзиттік көлікті қоныстану аумағын айналып өтетін айналма жолдар арқылы жіберу;

автобус парктерін, қалаішілік маршруттардың соңғы аялдама пункттерін, автовокзалды, ЖҚС, ТҚС, жуу қондырғыларын оңтайлы орналастыру;

нормативтік талаптарға сәйкес жобаланған магистральдардың көлденең профильдерін олардың жіктелуіне байланысты қалыптастыру, бұл көлік шуылының деңгейін 70 ДБА нормативтік шегіне дейін төмендетуге мүмкіндік береді;

көпір өткелдерін, жол өткізу айрықтарын салу көлік легін аялдатпай өткізуді жүзеге асыруға, газдану деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Инженерлік-техникалық және технологиялық іс-шаралар мыналарды қамтиды:

қоршаған ортаға шығарындылардың, төгінділер мен қалдықтардың деңгейі төмен ең жаңа жабдықтар мен технологиялық процестерді енгізе отырып, жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту;

жаңа экологиялық таза өндірістер салу;

шығарындылардың барлық көздеріне тиімді тозаң және газ тазарту құрылысжайларын орнату;

Қошқар Ата қалдық қоймасын рекультивациялау;

өнеркәсіп, энергетика және қалалық шаруашылық объектілерін заманауи газ тазарту, тозаңды тұтып қалу және су тазарту жабдықтарымен жарақтандыру;

ластағыш заттардың шығарындылары бойынша ЕУРО-4 және ЕУРО-5 стандарттарының деңгейіне жетуді қамтамасыз ете отырып, көлік құралдарын техникалық жағынан қайта жарақтандыруды ынталандыру;

энергия үнемдеу технологияларына көшуді ынталандыру;

автомобиль паркінің кемінде 45 %-ын газ отынымен жұмыс істейтін көлікке және электр көлігіне ауыстыру.

Ұйымдастырушылық іс-шаралар мыналарды қамтиды:

қоршаған ортаның сапасы мен өнім сапасын басқарудың халықаралық стандарттары жүйесін енгізу (ИСО 14001, ИСО 9001);

табиғатты ұтымды пайдалануға бағдарланған экономикалық ынталандыру жүйесін (санкцияларды қоса алғанда) енгізу;

қолайсыз метеорологиялық жағдайлар (ҚМЖ) кезеңінде өндірістік нысандардың атмосфераға зиянды шығарындыларын реттеу және азайту;

атмосфералық ауа мониторингін кеңейту – атмосфералық ауаны бақылаудың жаңа стационарлық бекеттерін ұйымдастыру әрі оларды заманауи жабдықтармен және аспаптармен жарақтандыру.

Топырақ-өсімдік қабатын қорғау:

жалпыға ортақ пайдаланылатын жасыл желектердің қаладағы микроклиматтық жағдайларды жақсартуға ықпал ететін жасыл желектердің санитариялық-қорғау, су қорғау және желден қорғау жолақтарымен бірге бірыңғай, өзара байланысқан жүйесін ұйымдастыру;

жобаланатын аумақтың флорасы мен фаунасының алуан түрлілігін қорғау және сақтау мақсатында жобада жасыл желектердің алаңдарын ұлғайту, әкімшілік-қоғамдық объектілердің, өнеркәсіп орындарының, ауруханалардың, мектептердің, балалар мекемелерінің айналасында, шөлейттенуге және басқа да қолайсыз экологиялық факторларға бейім жерлерді көгалдандыру ұсынылды.

Көшелердің бойында арық желісін, жауын-шашын кәрізін және жерүсті суларын жинау мен тазарту пункттерін салу арқылы жерүсті суларының ағызылуына жол бермейтін жүйені құру есебінен Каспий теңізінің су бетін және су объектілерін қорғау, кейіннен тазартылған суларды жасыл желектерді суаруға пайдалану.

15-тарау. Маңғыстау облысы Ақтау қаласы бас жоспарының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Қазіргі жай-күйі	Бірінші кезек	Есептік мерзім
1	2	3	4	5	6
1	Аумағы				
1.1	Қала шегіндегі елді мекен жерлерінің ауданы, барлығы	мың га	29,7468	124,5	124,5
	оның ішінде:				
1.1.1	Тұрғын үй және қоғамдық құрылыс	-//-	1,7383	2,9335	3,5937
	оның ішінде:				
1.1.1.1	үй (пәтер) жанындағы жер учаскесі бар меншікжайлы және блокқа бөлінген құрылыс	-//-	0,2580	0,3393	0,3393
1.1.1.2	аз қабатты көппәтерлі тұрғын үй құрылысы (1-3 қабат)	-//-	0,0295	0,0764	0,2379
1.1.1.3	орташа қабатты көппәтерлі тұрғын үй құрылысы (4-5 қабат)	-//-	0,4805	0,6141	0,7746
1.1.1.4	көп қабатты көппәтерлі тұрғын үй құрылысы (6-12 қабат)	-//-	0,1738	0,5662	0,5768
1.1.1.5	көп қабатты көппәтерлі тұрғын үй құрылысы (12 қабаттан жоғары)	-//-	0,0234	0,0234	0,0234
1.1.1.6	қоғамдық құрылыс	-//-	0,7731	1,3143	1,6419

1.1.2	өнеркәсіптік ж ә н е коммуналдық-қо йма құрылысы	-//-	2,6085	4,5061	4,5870
	оның ішінде:				
1.1.2.1	өнеркәсіптік құрылыс	-//-	2,3738	4,0848	4,1529
1.1.2.2	коммуналдық құрылыс	-//-	0,0391	0,0608	0,0653
1.1.2.3	қ о й м а құрылысы	-//-	0,1956	0,3605	0,3688
1.1.3	көлік, байланыс, инженерлік коммуникацияла р	-//-	0,9198	2,1719	2,2078
	оның ішінде:				
1.1.3.1	сыртқы көлік (теміржол, автомобиль, өзен, теңіз, әуе және құбыржол)	-//-	0,7255	0,6131	0,6131
1.1.3.2	магистральдық инженерлік желілер мен құрылыстаржай лар	-//-	0,1943	1,5589	1,5947
1.1.3.3	байланыс құрылысжайлар ы	-//-	-	-	-
1.1.4	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	-//-	7,3394	7,3394	7,3394
	оның ішінде:				
1.1.4.1	қорықтар	-//-	-	-	-
1.1.4.2	қаумалдар	-//-	7,3394	7,3394	7,3394
1.1.4.3	табиғат ескерткіштері	-//-	-	-	-
1.1.4.4	ормандар мен о р м а н саябақтары	-//-	-	-	-
1.1.5	су айдындары м е н акваториялар	-//-	95,1451	95,1451	95,1451
	оның ішінде:				
1.1.5.1	өзендер, табиғи және жасанды су айдындары	-//-	95,1451	95,1451	95,1451

1.1.5.2*1	су қорғау белдеулері	-//-	0,2905	0,513	0,513
1.1.5.3	гидротехникалы қ құрылысжайлар	-//-	-	-	-
1.1.5.4	с у шаруашылығы құрылысжайлар ы	-//-	-	-	-
1.1.6	а у ы л шаруашылығын да пайдалану	-//-	5,7216	5,7216	5,7216
	оның ішінде:				
1.1.6.1	егістік жерлер	-//-	-	-	-
1.1.6.2	бақтар мен жүзімдіктер	-//-	-	-	-
1.1.6.3	шабындықтар, жайылымдар	-//-	5,7047	5,7047	5,7047
1.1.6.4	бау-бақша серіктестіктері	-//-	0,0170	0,0170	0,0170
1.1.7	жалпыға ортақ пайдаланылатын	-//-	0,8476	3,3050	4,3922
	оның ішінде:				
1.1.7.1	көшелер, жолдар, өтпезжолдар,	-//-	0,4958	2,1778	2,3504
1.1.7.2	су қоймалары, жағажайлар, жағалаулар	-//-	0,0532	0,0498	0,4846
1.1.7.3	саябақтар, гүлзарлар, бульварлар	-//-	0,0907	0,4021	0,5622
1.1.7.4	жалпыға ортақ пайдаланылатын басқа да аумақтық объектілер	-//-	0,2079	0,6753	1,9973
1.1.8	резервтік	-//-	9,5860	2,6579	0,7876
	оның ішінде:				
1.1.8.1	қоныстану аумақтарын дамыту үшін	-//-	3,3400	1,2927	0,6899
1.1.8.2	өнеркәсіптік-өнд ірістік және коммуналдық аумақтарды дамыту үшін	-//-	0,2000	0,2687	0,0977

1.1.8.3	рекреациялық және өзге де аймақтарды ұйымдастыру үшін	-//-	6,0460	1,0965	0,0000
1.1.9	арнайы мақсаттағы аумақтар	-//-	0,4827	0,7157	0,7157
1 ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 1223 және 2024 жылғы 17 мамырдағы № 387 (Маңғыстау облысының шекарасын өзгерту туралы) қаулыларына сәйкес Ақтау қаласына қосылған аумақ					
1.1.9.1	зират аумақтары	-//-	0,0252	0,0249	0,0249
1.1.9.2	режимдік аумақтар		0,4575	0,6908	0,6908
1.2. *2	жердің жалпы санынан:		-	-	-
1.2.1	мемлекеттік меншік жерлері	-//-	-	-	-
1.2.2	коммуналдық меншік жерлері	-//-	-	-	-
1.2.3	жекеменшік жерлер	-//-	-	-	-
2	Халық				
2.1	Бағынысты елді мекендерді ескергендегі халық саны, барлығы	мың/адам	262,5	338,0	500,0
	оның ішінде:				
2.1.1	қаланың өзі (кент, ауылдық елді мекен)	-//-	262,5	338,0	500,0
2.1.2	басқа елді мекендер	-//-	-	-	-
2.2	Халықтың табиғи қозғалысының көрсеткіштері:				
2.2.1	өсім	-//-	84,8	31,1	82,0
2.2.2	кему	-//-	-	-	-
2.3	Халықтың көші-қон көрсеткіштері:				
2.3.1	өсім	-//-	28,2	44,4	80,0
2.3.2	кему	-//-	-	-	-
2.4	Халықтың тығыздығы				

2.4.1	қоныстану аумағы шегінде	адам/га	77,2	80,5	114,0
2.4.2	қалалық, кенттік және ауылдық құрылыс аумағының шегінде	-//-	2,11	2,71	4,02
2.5	Халықтың жас құрылымы:				
2.5.1	15 жасқа дейінгі балалар	мың адам/%	94,2/35,9	120,6/35,7	163,3/32,7
2.5.2	еңбекке қабілетті жастағы халық	-//-	131,3/50,0	158,3/46,8	244,7/48,9
	(16-62 жастағы ер адамдар, 16-57 жастағы әйелдер)	-//-			
2.5.3	еңбекке қабілетті жастан асқан халық	-//-	37,0/14,1	59,1/17,5	91,9/18,4
2.6	Отбасылар мен жалғызбасты тұрғындар саны, барлығы	бірлік	58333	75110	125000
	оның ішінде:				
2.6.1	отбасылар саны	-//-	51916	68350	115000
2.6.2	жалғызбасты тұрғындар саны	-//-	6417	6760	10000
2.7	Еңбек ресурстары, барлығы	мың адам	171,9	224,1	345,0
	оның ішінде:				
2.7.1	экономикалық белсенді халық, барлығы	мың адам/%	124,3/72,3	163,8/73,1	261,5/75,8
	оның ішінде:				
2.7.1.1	экономика салаларында жұмыспен қамтылғандар	-//-	122,6/71,4	159,9/71,4	252,7/73,3
1)	қала тұзуші топта	-//-	54,7/31,9	73,1/32,7	120,8/35,1
	оның ішінде: өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық		6,1/3,6	5,6/2,5	4,5/1,3
2)	қызмет көрсетуші топта	-//-	67,9/39,5	86,8/38,8	131,9/38,3

2а)	оның ішінде: өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық		4,1/2,4	3,8/1,7	3,0/0,9
2.7.1.2	жұмыссыздар	-//-	5,8/3,4	7,7/3,5	11,8/3,5
2.7.2	экономикалық белсенді емес халық	-//-	47,6/27,7	60,3/26,9	83,5/24,2
	оның ішінде:				
2.7.2.1	өндірістен қол үзіп оқитын еңбекке қабілетті жастағы білім алушылар	-//-	35,7/20,8	45,2/20,2	62,6/18,2
2.7.2.2	экономикалық қызметпен айналыспайтын және оқымайтын еңбекке қабілетті жастағы еңбекке қабілетті халық	-//-	11,9/7,0	15,16,8	20,9/6,1
2.82	Еңбек теңгерімі				
2.8.1	еңбек ресурстары	мың адам / халықтың %-ы	171,9/65,5	224,1/66,3	345,0/69,0
2.8.1.1	жұмыс күші	мың адам / еңбек ресурс-тарының %-ы	124,3/72,3	163,8/73,1	261,5/75,8
2.8.1.1.1	жұмыспен қамтылған халық	мың адам / жұмыс ресурстарының %-ы	118,5/95,3	156,1/95,3	249,7/95,5
1)	жалдамалы жұмыс істейтіндер	мың адам	108,4	146,7	242,2
2)	өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық	мың адам	10,2	9,4	7,5
2.8.1.1.2	жұмыссыздар	мың адам / жұмыс күшінің %-ы	5,8/4,7	7,7/4,7	11,8/4,5
2.8.2	жұмыс күшінің құрамына кірмеген адамдар	мың адам / еңбек ресурс-тарының %-ы	47,6/27,7	60,3/26,9	83,5/24,2
3	Тұрғын үй құрылысы				

3.1	Тұрғын үй қоры, барлығы	жалпы ауданы мың м2 / % / * үйлер (пәтерлер) бірлігі	7203,2/100	10696,2/100	16372,1/100
	оның ішінде:				
3.1.1*	мемлекеттік қор	-//-	-	-	-
3.1.2*	жеке меншікте	-//-	-	-	-
3.2	Жалпы қордан:	-//-			
3.2.1	көппәтерлі үйлерде	-//-	6328,5/87,9	9821,5/91,8	15497,4/94,7
3.2.2	меншікжай үлгісіндегі үйлерде	-//-	874,8/12,1	874,8/8,2	874,8/5,3
3.3	70 %-дан астамы тозған тұрғын үй қоры, барлығы	-//-	-	-	-
	оның ішінде:				
2 Еңбек теңгерімі Ұлттық статистика бюросының әдістемелік түсініктемелерінде келтірілген санаттарды ескере отырып есептелген, сондай-ақ келтірілген түсініктер мен анықтамалар Халықаралық Еңбек Ұйымының (ХЕҰ) стандарттары мен әдіснамалық тәсілдеріне негізделген					
3.3.1	мемлекеттік қор	-//-	-	-	-
3.4	Сақталатын тұрғын үй қоры, барлығы	-//-	-	7203,2/100	10696,2/100
3.5	Тұрғын үй қорын қабат саны бойынша бөлу:		7203,2/100	10696,2/100	16372,1/100
	оның ішінде:				
3.6.1	аз қабатты	-//-	1044,4/14,5	1654,7/15,5	3281,2/20,1
	оның ішінде салынып жатқан :				
3.6.1.1	үй (пәтер) жанындағы жер учаскесі бар меншікжай (коттедж) түрінде	-//-	874,8/12,1	874,8/8,2	874,8/5,4
3.6.1.2	пәтер жанындағы жер учаскесімен блокқа бөлінген	-//-	-	-	-
3.6.1.3	жер учаскесі жоқ 1-3 қабатты	-//-	169,6/2,4	779,9/7,3	2406,4/14,7

3.6.2	орташа қабатты (4-5 қабатты) көппәтерлі	-//-	2666,3/37,0	3228,9/30,2	4767,6/29,1
3.6.3	көп қабатты көппәтерлі	-//-	3492,5/48,5	5812,7/54,3	8323,3/50,8
3.7	Тұрғын үй қорының кемуі, барлығы	-//-	-	-	-
	оның ішінде:				
3.7.1	техникалық жай-күйі бойынша	-//-	-	-	-
3.7.2	реконструкциял ау бойынша	-//-	-	-	-
3.7.3	басқа себептер бойынша (үй-жайларды қайта жабдықтау)	-//-	-	-	-
3.7.4	тұрғын үй қорының мынаған қатысты кемуі:		-	-	-
3.7.4.1	қолданыстағы тұрғын үй қорына	%	-	-	-
3.7.4.2	жаңа құрылысқа	-//-	-	-	-
3.8	Жаңа тұрғын үй құрылысы, барлығы, оның ішінде мынаның есебінен:	үйлер (пәтерлер) бірлігі / мың ш.м . жалпы аудан	-	3493,0	9168,8
3.8.1*	мемлекеттік қаражат	-//-	-	-	-
3.8.2*	кәсіпорындар мен ұйымдар	-//-	-	-	-
3.8.3*	халықтың өз қаражаты	-//-	-	-	-
3.9	Қабат саны бойынша жаңа тұрғын үй құрылысының құрылымы	-//-	-	3493	9168,8
	оның ішінде:				
3.9.1	аз қабатты	-//-	-	610,3	2236,8
	оның ішінде:				
	үй (пәтер) жанында жер учаскесі бар				

3.9.1.1	меншікжай (коттедж) түрінде	-//-	-	-	-
3.9.1.2	п а т е р жанындағы жер учаскесі бар блокқа бөлінген	-//-	-	-	-
3.9.1.3	жер учаскесі жоқ 1-3 қабатты	-//-	-	610,3	2236,8
3.9.2	орташа қабатты (4-5 қабатты) көппәтерлі	-//-	-	562,5	2101,2
3.9.3	көп қабатты көппәтерлі	-//-	-	2320,2	4830,8
3.10	Жаңа тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінен төмендегілерге орналастырылады:				
3.10.1	бос аумақтарда	-//-	-	2643,7	8319,5
3.10.2	қолданыстағы құрылысты реконструкциялау есебінен	-//-	-	849,3	849,3
3.11	Жаңа тұрғын үй қорының жалпы ауданының енгізілуі орта есеппен жылына	мың шаршы метр	-	499,0	473,0
3.12	Тұрғын үй қорының қамтамасыз етілуі:				
3.12.1	су құбырымен	жалпы тұрғын үй қорының %ы	100	100	100
3.12.2	кәрізбен	-//-	100	100	100
3.12.3	электр плиталарымен	-//-	-	-	-
3.12.4	газ плиталарымен	-//-	-	-	-
3.12.5	жылумен	-//-	97,9	99,0	100
3.12.6	ыстық сумен	-//-	98,3	99,0	100
3.13	Халықтың пәтерлердің жалпы ауданымен	м2/адам	27,4		32,7

	орташа қамтамасыз етілуі			31,6	
4	Әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері				
4.1	Мектепке дейінгі балалар мекемелері, барлығы/1000 адамға	орын	18597	30637	50237
4.1.1	қамтамасыз етілу деңгейі	%	67,4	100	100,2
4.1.2	1000 тұрғынға	орын	70,8	90,7	100,5
4.1.3	жаңа құрылыс салу	-//-	-	12040	31640
4.2	Жалпы білім беру мекемелері, барлығы/1000 адамға	-//-	31204	62404	109204
4.2.1	қамтамасыз етілу деңгейі	%	52,0	68,7	100
4.2.2	1000 адамға шаққанда	орын	118,8	184,7	218,4
4.2.3	жаңа құрылыс	-//-	-	31200	78000
4.3	Ауруханалар, барлығы/1000 адамға	төсек	1434	1934	3034
4.4	Емханалар, барлығы/1000 адамға	бір ауысымда қабылдау	3960	4800	9000
4.5	Әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері (интернат үйлері) – барлығы/1000 адам	орын	460	1460	2980
4.6	Ұзақ демалу мекемелері (демалыс үйлері, пансионаттар, оқушыларға арналған лагерьлер және т.б.), барлығы/ 1000 адамға	-//-	-	-	-

4.7	Д е н е шынықтыру-спор т құрылысжайлар ы барлығы/1000 адам	га	47,6	147,6	294,0
4.8	Ойын-сауық, мәдениет мекемелері (театрлар, клубтар, кинотеатрлар, музейлер, көрме залдары және т.б .), барлығы/1000 адамға	орын	9570	21920	85600
4.9	С а у д а кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	сауда алаңының м2	144100	157300	201115
4.10	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	отыратын орыны	15760	16560	20000
4.11	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары, барлығы/1000 адамға	ж ұ м ы с орындары	560	1510	4500
4.12	Өрт сөндіру депосы	автомобильдер/ бекеттер саны	22/2	52/8	82/14
4.12.1*	өрт сөндіру бекеті	автомобильдер/ бекеттер саны	-	6/3	12/6
4.13	"МАЭК" ЖШС объектілік өрт сөндіру депосы	автомобильдер/ бекеттер саны	7/1	7/1	7/1
4.14	"ҚазАзот"АҚ объектілік өрт сөндіру депосы	автомобильдер/ бекеттер саны	2/1	2/1	2/1
4.15	Халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыст ық қызмет көрсетудің өзге де объектілері	тиісті бірліктер			
4.15.1	психоневрологи я л ы қ интернаттар	1 мың адамға қатысты орын (18 жастан)	100	400	960
4.15.2	спорт залдары	м2 жалпы аудан	12500	18000	30000

4.15.3	жалпыға ортақ пайдаланылатын жабық және ашық бассейндер	м2 су айдыны	2200	4100	10000
4.15.4	би залдары	орын	500	1100	3000
4.15.5	концерт залдары	орын	417	417	2500
4.15.6	цирктер	орын	-	-	2500
4.15.7	лекторийлер	орын	-	400	1000
4.15.8	аттракциондар мен ойын автоматтары залдары	м2 еден алаңы	475	475	1500
4.15.9	әмбебап спорт, ойын-сауық залдары, оның ішінде жасанды мұзы бар зал	орын	-	-	3000
4.15.10	1 мың адамға арналған қалалық бұқаралық кітапханалар, қала халқына қызмет көрсету аймақтары	мың сақтау бірлігі	375	625	2000
4.15.11	кір жуатын орындар	бір ауысымда кг киім	2120	4120	5000
4.15.12	химиялық тазалау	бір ауысымда кг зат	630	630	6330
4.15.13	монша	орын	860	960	2500
4.15.14	банк бөлімшелері	операциялық касса	45	52	57
4.15.15	заңгерлік консультациялар	жұмыс орны	35	37	50
4.15.16	нотариаттық контора	жұмыс орны	25	25	30
4.15.17	қонақүйлер	орын	4025	4025	5125
5	Көлікпен қамтамасыз ету				
5.1	Қоғамдық жолаушылар көлігі желісінің ұзындығы, барлығы	км	150,5	220,3	250,5
	оның ішінде:				
5.1.1	электрлендірілген теміржол	км қосарлы жол	-	-	-

5.1.2	метрополитен	-//-	-	-	-
5.1.3	трамвай	-//-	-	-	-
5.1.4	троллейбус	-//-	-	-	-
5.1.5	автобус	-//-	150,5	220,3	250,5
5.2	Магистральдық көшелер мен жолдардың ұзындығы, барлығы	км	349,7	481,0	538,5
	оның ішінде:				
5.2.1	жүрдек қозғалыс жолдары	-//-	-	-	-
5.2.2	жалпы қалалық маңызы бар магистральдар	-//-	87,5	128,1	144,6
5.2.3	аудандық маңызы бар магистральдар	-//-	88,9	120,1	134,1
5.2.4	тұрғын үй көшелері	-//-	88,4	108,8	135,8
5.2.5	кенттік жолдар	-//-	-	-	-
5.2.6	өнеркәсіптік жолдар	-//-	84,9	124,0	124,0
5.3	Сыртқы көлік				
	оның ішінде:				
5.3.1	теміржол,				
	оның ішінде:				
	жолаушылар	мың жолаушы / жыл	943,7	1215,13	1797,5
	жүк	мың тонна / жыл	15093,32	19434,4	28749,18
5.3.2	әуе,				
	оның ішінде:				
	жолаушылар	мың жолаушы / жыл	942,58	1213,68	1795,39
	жүк	мың тонна / жыл	-		
5.3.3	автомобиль,				
	оның ішінде:				
	жолаушылар	мың жолаушы / жыл	26080,97	33582,35	49678,04
	жүк	мың тонна / жыл	141033,05	176291,87	220364,84
5.3.4	өзен				
	оның ішінде:				
	жолаушылар	мың жолаушы / жыл	-	-	-
	жүк	мың тонна / жыл	-	-	-

5.3.5	теңіз				
	оның ішінде:				
	жолаушылар	мың жолаушы / жыл	-	-	-
	жүк	мың тонна / жыл	866,63	1039,96	1300,0
5.3.6	құбыржол	мың м3/ж.	19317,6	23181,12	28976,4
5.4	Көше-жол желісінің тығыздығы				
5.4.1	қала; кенттік құрылыс шегінде	км/км2	1,6	2,3	2,6
5.4.2	қала маңы аймағының шекарасы шегінде	-"	-	1,8	2,0
6	Инженерлік жабдықтар				
6.1	С у м е н жабдықтау:				
6.1.1	жиынтық тұтыну, барлығы	мың м3/тәул.	38.18	149, 828	210, 544
	оның ішінде:				
6.1.1.1	шаруашылық-ауызсу мұқтажына	-//-	34,043	117,880	169,255
6.1.1.2	өндірістік мұқтаждыққа	-//-	4,137	31,948	41,289
6.1.2	басты су құбыры құрылысжайларының қуаты	-//-			
6.1.3	пайдаланылатын с у м е н жабдықтау көздері:				
6.1.3.1	жерасты су жинағыштары	-//-		Құйылыс-Меловое жерасты суларының көзі	
6.1.3.2	жерүсті көздерінен су алу	-//-	Каспий теңізі		
6.1.3.3	орталықтандырылмаған су көздері	-//-		-	
6.1.4	жерасты суларының	мың м3	-	-	-

	бекітілген қорлары				
6.1.5	тәулігіне орта есеппен 1 адамға су тұтыну	л/тәул.	300,0	443,0	421,0
	оның ішінде:				
6.1.5.1	шаруашылық-ауызсу мұқтажына	-//-	150,0	220,0	220,0
6.1.6	суды қайтадан пайдалану	%			
6.1.7	желілердің ұзындығы	км	318,3	375,4	410,5
6.1.8*	су желілерінің диаметрі	мм	150-800	150-1000	150-1000
6.2	Кәріз:				
6.2.1	сарқынды сулардың жалпы түсімі, барлығы	тәул. мың м3	38,876	116,845	169,970
	оның ішінде:				
6.2.1.1	тұрмыстық кәріз	-//-	38,876	108,547	161,672
6.2.1.2	өндірістік кәріз	-//-	-	-	-
6.2.2	кәріздік тазарту құрылысжайларының өнімділігі	-//-	65,0	125,0-130,0	180,0-185,0
6.2.3	желілердің ұзындығы	км	175,7	210,9	245,9
6.2.4*	к ә р і з желілерінің диаметрі	мм	150-1000	150-1000	150-1000
6.3	Электрмен жабдықтау:				
6.3.1	жалпы электр энергиясын тұтыну	МВт	157	329	523
	оның ішінде:				
6.3.1.1	коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждыққа	-//-	140	294	460
6.3.1.2	өндіріс мұқтажына	-//-	17	35	63
6.3.2	1 адамға шаққанда жылына орта есеппен электр тұтыну	кВт. сағ.	-	-	-
6.3.2.1	соның ішінде коммуналдық-тұ	-//-	-	-	-

	рмыстық мұқтаждыққа				
6.3.3	жүктемені жабу көздері,	МВт		372,4	442,8
6.3.3.1	оның ішінде: ЖЭО, МАЭС	-//-	ЖЭО-1 – 75 МВт ЖЭО-2 – 630 МВт ЖЭС – 625 МВт Барлығы 1330 МВт		
6.3.3.2	су электр станциясы	-//-			
6.3.3.3	біріккен энергия желісі	-//-			
6.3.3.4	жаңартылатын энергия көздері	-//-			
6.3.4	желілердің ұзындығы	км	349	354	354
6.4	Жылумен жабдықтау				
6.4.1	Орталықтандыр ылған көздердің қуаты, барлығы	МВт			
6.4.1.1	оның ішінде: ЖЭО	-//-	576,3	576,3	576,3
6.4.1.2	аудандық қазандықтар	-//-	-	475	824
6.4.1.3	орамдық қазандықтар	-//-	314	60	442
6.4.1.4	жергілікті көздердің жиынтық қуаты	-//-	93	116,3	116,3
6.4.2	жылыту үшін тұтыну, барлығы	-//-		696,5	1095,2
6.4.2.1	оның ішінде: коммуналдық-тұ рмыстық мұқтаждыққа	-//-		605,64	952,36
6.4.2.2	өндіріс мұқтажына	-//-		90,85	142,85
6.4.3	ыстық сумен жабдықтауды тұтыну, барлығы	-//-		115	163,14
6.4.3.1	оның ішінде: коммуналдық-тұ рмыстық мұқтаждыққа	-//-		100	141,86

6.4.3.2	өндіріс мұқтажына	-//-		15	21,28
6.4.3	жергілікті жылумен жабдықтау көздерінің өнімділігі	-//-			
6.4.4	Желілердің ұзындығы	км	469,7	496	512
6.5	Газбен жабдықтау				
6.5.1	Табиғи газды тұтыну, барлығы	млн м3/жыл	2017,498	2183,839	2207,160
6.5.1.1	оның ішінде: коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждыққа	-//-	90,353	48,905	72,226
6.5.1.2	өндіріс мұқтажына	-//-	2017,144	2134,934	2134,934
6.5.2.	Сұйытылған газды тұтыну, барлығы	тонна / жыл	-	-	-
6.5.2.1	оның ішінде: коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждыққа	-//-	-	-	-
6.5.2.2	өндіріс мұқтажына	-//-	-	-	-
6.5.3	табиғи газ беру көздері	жыл/млн м3	-	-	-
6.5.4	қаланың, басқа елді мекеннің отын теңгеріміндегі газдың үлес салмағы	%	-	-	-
6.5.5	желілердің ұзындығы	км	Мг - 428 Рг – 2996	Мг– 449 Рг – 3071	Мг - 449 Рг – 3099
6.6	Байланыс				
6.6.1	халықты телевизиялық хабар таратумен қамту	халық %-ы	90	100	100
6.6.2	халықтың жалпыға ортақ пайдаланылатын телефон	100 отбасыға нөмір саны	65633		125059

	желісімен қамтамасыз етілуі			84517	
7	Аумақты инженерлік дайындау				
7.1	Нөсер кәрізінің жалпы ұзындығы	км	142	44.036	21.278
7.2	Аумақты су басудан қорғау:		-	-	-
7.2.1	ауданы	га			
7.2.2	қорғаныш құрылысжайлар ының ұзындығы	км	-	-	-
7.3	Шайылу мен құм үю, барлығы көлемі мен ауданы	млн м3, га	-	1,0	0,70
7.4	Жағалауды нығайту	км	-	-	-
7.5	Жерасты сулары деңгейін төмендету	га	-	-	-
7.6	Аумақты инженерлік даярлау жөніндегі басқа да арнайы шаралар	тиісті бірліктер	-	-	-
8	Халыққа салт-жоралғылық қызмет көрсету				
8.1	Зираттардың жалпы саны	га	25,2	24,9	24,9
8.2	Крематорийлерд ің жалпы саны	бірлік			
9	Қоршаған ортаны қорғау				
9.1	Атмосфералық ауаға зиянды заттар шығарындылар ының көлемі	т/жыл	19452 статистика департаментінің деректері бойынша	қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның әрбір кәсіпорын үшін ШЖШ әзірлеуі кезеңінде	қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның әрбір кәсіпорын үшін ШЖШ әзірлеуі кезеңінде


				айқындалатын болады	айқындалатын болады
9.2	Ластанған су ағызудың жалпы көлемі	м3/жыл	65000	121200	207000
9.3	Бұзылған аумақтарды қалпына келтіру	га	Қошқар Ата қалдық қоймасын рекультивацияла у жобасы бойынша жұмыстардың басталуы, I кезең, 4279 га	қалдық қоймасын рекультивацияла у жұмыстарын жалғастыру, аумақтың ауданы рекультивация жобасын және ЖСҚ әзірлеу кезеңінде айқындалатын болады	қалдық қоймасын рекультивацияла у жұмыстарын жалғастыру, аумақтың ауданы рекультивация жобасын және ЖСҚ әзірлеу кезеңінде айқындалатын болады
9.4	Шу деңгейі 65 Дб жоғары аумақтар	-//-	автомагистральд ар шегінде	автомагистральд ар шегінде	автомагистральд ар шегінде
9.5	Экологиялық тұрғыдан қолайсыз аумақтар (химиялық және биологиялық заттармен, зиянды микроорганизмд ермен рұқсат етілген шекті концентрацияда н жоғары ластанған аумақтар, радиоактивті заттар, рұқсат етілген шекті деңгейден жоғары мөлшерде)	-//-	Қошқар Ата қалдық қоймасы , қалаға іргелес аумақта орналасқан, жалпы ауданы – 77 км ² Орналасқан қалдықтардың ауданы – 66 км ²	Қошқар Ата қалдық қоймасы , қалаға іргелес аумақта орналасқан, жалпы ауданы – 77 км ² , біртіндеп рекультивацияла у көзделеді	Қошқар Ата қалдық қоймасы , қалаға іргелес аумақта орналасқан, жалпы ауданы – 77 км ² Орналасқан қалдықтардың ауданы – 66 км ² , біртіндеп рекультивацияла у көзделеді
9.6	Санитариялық-қ орғаныш аймақтарында тұратын халық	га, ЖТҚ аумақтары	Рауан тұрғын алабы – 6 га Өмірзақ ауылы – 12,6 га Приморский тұрғын алабы – 66,8 га Приозерный-2 тұрғын алабы – 11,6 га	Приморский тұрғын алабы – 52 га	52 га

			0,9 га, 3 га, 2 га – өнеркәсіптік аймақтың әртүрлі учаскелерінде		
9.7	Санитариялық-қ орғаныш және су қорғау аймақтарын көгалдандыру	-//-	Қошқар Ата қалдық қоймасының оңтүстік бөлігінде 8,2 га	қалдық қоймасының оңтүстік бөлігінің аумағын одан әрі көгалдандыру, санитариялық қағидаларға сәйкес қауіптілік сыныбына байланысты өнеркәсіптік кәсіпорындарды ң СҚА аумағын көгалдандыру (40-60 %)	қалдық қоймасының аумағын рекультивацияла у және көгалдандыру, санитариялық қағидаларға сәйкес қауіптілік сыныбына байланысты өнеркәсіптік кәсіпорындарды ң СҚА аумағын көгалдандыру (40-60 %)
9.8	Топырақ пен жер қойнауын қорғау	-//-		жобада іс-шаралар, оның ішінде аумақтың санитариялық тазарту және Қошқар Ата қалдық қоймасын рекультивацияла у, аумақты көгалдандыру көзделген	жобада іс-шаралар, оның ішінде аумақтың санитариялық тазарту және Қошқар Ата қалдық қоймасын рекультивацияла у, аумақты көгалдандыру көзделген
9.9	Аумақтарды санитариялық тазарту	-//-	көзделген	көзделген	көзделген
9.9.1	тұрмыстық қалдықтардың көлемі	т/жыл	65607 статистика департаментінің деректері бойынша	138900 халық санына сәйкес жобада айқындалған	205600 халық санына сәйкес жобада айқындалған
	қалдықтарды саралап жинау, соның ішінде	%	-	40 % – арзан отын ретінде, 5 % – қайталама қара металдағы металл түрінде, 20 % – жол құрылысында инертті масса түрінде	40 % – арзан отын ретінде, 5 % – қайталама қара металдағы металл түрінде, 20 % – жол құрылысында инертті масса түрінде

9.9.2	қоқыс өңдеу зауыттары	жылына бірлік/мың т	-	жобада қоқыс өңдеу зауытының құрылысы ұсынылды, орналасатын жері мен қуаты жобалаудың тиісті сатысында айқындалатын болады	жобада қоқыс өңдеу зауытының құрылысы ұсынылды, орналасуы мен қуаты жобалаудың тиісті сатысында айқындалатын болады
9.9.3	қоқыс өртеу зауыттары	-"-	-	көзделмеген	көзделмеген
9.9.4	қоқыс тиеу станциялары	-"-	-	-	-
9.9.5	жетілдірілген қоқыс үйінділері (полигондар)	бірлік/га	Мұнайлы ауданының аумағындағы полигон, 27 га	Мұнайлы ауданының аумағындағы полигон	Мұнайлы ауданының аумағындағы полигон
9.9.6	қалдықтарды саралап жинау, соның ішінде	га	27	27	27
9.9.7	соның ішінде бейберекет	-//-		-	-
9.10	Табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану жөніндегі өзге де іс-шаралар	тиісті бірліктер		аумақты абаттандыру және көгалдандыру, жол салу және жол жабынын жетілдіру, инженерлік желілер мен құрылысжайлар салу, әлеуметтік қамсыздандыру және рекреация объектілерін салу, ЖЭК пайдалануды ынталандыру және т.б.	аумақты абаттандыру және көгалдандыру, жол салу және жол жабынын жетілдіру, инженерлік желілер мен құрылысжайлар салу, әлеуметтік қамсыздандыру және рекреация объектілерін салу, ЖЭК пайдалануды ынталандыру және т.б.
10	Жобалық шешімдерді іске асырудың I кезеңі бойынша инвестициялардың болжамды көлемі	млн теңге		2668894,73	-
* Ұсынымдық сипаттағы көрсеткіштер Ескертпелер					

1. Қаланың, кенттің және ауылдық елді мекеннің бас жоспарының техникалық-экономикалық көрсеткіштері мынадай кезеңдерге келтіріледі:
 - жаңа бас жоспардың бастапқы жылы;
 - бірінші кезең;
 - есепті кезең.
2. Коммуналдық-тұрмыстық және өндірістік мұқтаждыққа электр энергиясына, жылу энергиясына, суға, газға сұраныс бойынша және сарқынды суларды ағызу көлемі бойынша көрсеткіштер тиісті облыстық және аудандық қызметтердің деректері бойынша қабылданады.
3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның талаптарына сәйкес қоршаған ортаға әсерді бағалау.

Маңғыстау облысы
Ақтау қаласының
бас жоспарына (негізгі
ережелерді қоса алғанда)
қосымша



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК